

● ПРЕЗИДЕНТ

ДӘСТҮРЛІ БАЙЛАНЫС
ДАМИ БЕРЕДІ

Кеше Ақордада Елбасы Қазақстанға ресми сапармен келген Чехия Республикасының Президенті Милош Земанмен кездесті. Кездесу барысында сауда-экономикалық, көлік-транзиттік, аграрлық және мәдени-гуманитарлық салалардағы өзара ықпалдастықты нығайту мәселелері талқыланды. Машина жасау, энергетика, медицина және туризм салаларындағы ынтымақтастықты дамыту болашағы да әңгімеге арқау болды.

Мемлекет басшылары сондай-ақ халықаралық күн тәртібіндегі өзекті жайттар туралы пікір алмасты.

Нұрсұлтан Назарбаев Қазақстан мен Чехияны зор әлеуетке ие дәстүрлі қарым-қатынастар байланыстыратынын атап өтті.

– Көптеген әлемдік оқиғалардың дамуына қатысты біздің елдеріміздің көзқарасы ортақ. Чехия біз үшін Еуропадағы маңызды сауда серіктес болып саналады әрі соңғы жылдары экономикалық қатынастардың қарқыны өсіп келе жатқаны байқалады. Қазақстанда 70-тен астам бірлескен кәсіпорын, мәселен, «Шкода» автомобильдерін құрастыру өндірісі жұмыс істейді. 2005 жылдан бері 15 мың автомобиль құрастырылды, ал келесі жылы 8 мың көлік шығару жоспарланады. Жалпы алғанда, бізде қарым-қатынастарды әрі қарай дамытуға, соның ішінде үкіметаралық комиссияны жандандыру арқылы дамытуға көп мүмкіндік бар, – деді Қазақстан Президенті.

М.Земан өз кезегінде ынтымақтастықты түрлі салаларда дамытудың маңыздылығына тоқталды. Ол сондай-ақ өзінің Қазақстанға, стратегиялық маңызы бар өңірде орналасқан елге келгенін атап өтті.

– Қазіргі кезде жаңа Жібек жолының әлеуетін ашу бағытында жұмыстар жүргізіліп жатыр. Біз Сіздің елдің қазіргі дамуына ғана емес, оның әлеуетіне де Орталық Азиядағы маңызды орын алатынын ескере отырып баға береміз, – деді Чехия Республикасының Президенті.

1 ЖЕЛТОҚСАН – ҚАЗАҚСТАН
РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ТҰҒЫШ
ПРЕЗИДЕНТІ КҮНІНЕ ОРАЙ
ӨТКІЗІЛЕТІН МЕРЕКЕЛІК ІС-ШАРАЛАР
БАҒДАРЛАМАСЫ

№	Іс-шараның атауы	Өтетін мерзімі	Өтетін орны
1	«Елбасы, Ел бірлігі, Ел сенімі» атты ғылыми-тәжірибелік конференция	28 қараша сағат 11.00	М.Мәметова атындағы Қызылорда гуманитарлық колледжі
2	ҚР Тұңғыш Президенті атындағы сабақта ағаш отырғызу рәсімі және патриоттық акция	28 қараша сағат 11.00	Тұңғыш Президент атындағы сабақ
3	«Елбасы – ел тірегі» атты кітап көрмесі	24-28 қараша сағат 9.00-18.00	Ә.Тәжібаев атындағы облыстық әмбебап ғылыми кітапхана
4	«Елін сүйген Елбасы» тақырыбындағы фотокөрме	28 қараша мен 5 желтоқсан аралығы сағат 9.00-18.00	Облыстық тарихи-өлкетану музейі
5	ҚР Тұңғыш Президенті күніне арналған мерекелік салтанатты жиын	28 қараша сағат: 15.00	Н. Бекежанов атындағы облыстық музыкалық драма театры
6	Мәдени-көпшілік іс-шаралар: - Мұз айдыны кешенінде «Елбасы жастарға сенеді» атты патриоттық акция; - Жоғары, техникалық және кәсіптік білім беретін оқу орындары арасындағы спартакиада; - Мереке күні ата-ананың қамқорлығынсыз қалған жетім балаларды Елбасы атынан мерекелен құттықтау шарасы, түрлі қайырымдылық акциялары; - «Біз, Жас Ұлан – еліміздің тірегі», «Ел сенімі-Елбасы» атты жастардың флешмоб акциялары; - «Бір ел! Бір тағдыр! Бір Көшбасшы!» атты патриот жастар шеруі және концерттік бағдарлама; - ҚР Тұңғыш Президенті атындағы сабағынан орталық алаңға дейін авто және велошеру; - Қызылорда және Байқоңыр қалаларындағы, аудандардағы орталық алаңдарда өнер жұлдыздарының қатысуымен мерекелік-көпшілік шаралар	1 желтоқсан 10.00 10.00 11.00 11.00 сағат: 15.00 Сағат: 18.00	Мұз айдыны Мұз айдыны Балалар үйі Орталық алаң Орталық алаң ҚР Тұңғыш Президенті атындағы сабақтан орталық алаңға дейін аумақ Орталық алаң
7	«Еліміздің басты капиталы – жастар» тақырыбында студенттердің «Сыр үміті» сыйлығы иегерлерімен кездесуі	5 желтоқсан сағат: 15.00	Студенттер сарайы

● ӨНЕР САПАРЫ

ДОСТЫҚ ДӘНЕКЕРЛЕРІ



Қызылорда облыстық филармониясының өнер ұжымы Татарстанға аттанып кетті. Олар 27 қараша күні Қазан қаласындағы Достық үйінде гастрольдік концерттерін талғампаз татар жұртшылығының алдында паш етпек.

«Достық әуендері» атты кеште «Ақмешіт» фольклорлық ансамблі, «Томирис» би тобы, сондай-ақ, Сыр сұлейлерінің сынығы Әзілхан Максатбаев, Күнсұлу Түрікпенова, белгілі әншілер Қуаныш Құттымұратов, Самал Бәйсейітова және тағы басқа да өнерпаздар сахнаға шығады. Айта кетейік, өткен жылдың қараша айында облыс әкімі бастаған аймақ делегациясы Татарстанға іссапармен барған еді. Ондағы мақсат – екі ел арасындағы мәдени-экономикалық байланысты байыта түсу, тұрақтылыққа негізделген ұлтаралық достыққа дәнекер болу. Өнер иелерінің Қазанға жол тартуына осы іссапар бастама болып отыр.

Балғын ӘДІЛБАЕВА.

САЙЛАУШЫЛАР НАЗАРЫНА

№8 «Төретам» сайлау округі округтік сайлау комиссиясының тиісті хаттамаларына сәйкес облыстық мәслихаттың депутаттығына кандидат ретінде төмендегі ксілер тіркелді:

Ақжітөв Ғалымжан Амангелдіұлы, 1979 жылы туған, жоғары білімді, заңгер, «Қармақшы ауданының жұмыспен қамту орталығы» мемлекеттік мекемесінің директоры, «Нұр Отан» партиясының мүшесі, Қармақшы ауданының Жосалы кентінде тұрады;

Әліназарова Ақмарал Шәріпбайқызы, 1971 жылы туған, жоғары білімді, дәрігер және экономист, облыс әкімінің орынбасары, «Нұр Отан» партиясының мүшесі, Қызылорда қаласында тұрады.

Наурызбаева Нұршат Бекжанқызы, 1971 жылы туған, білімі жоғары, мұғалім, Қармақшы аудандық оқушылар үйінің директоры, «Нұр Отан» партиясының мүшесі, Қармақшы ауданының Жосалы кентінде тұрады.

Облыстық сайлау комиссиясы.

Сыр бойы



1929 жылдың 1 шілдесінен шығады

25 ҚАРАША
СЕЙСЕНБІ

2014 ЖЫЛ
№175 (18869)

ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСТЫҚ ГАЗЕТІ

www.syrboyi.kz

ҮКІМЕТАРАЛЫҚ КОМИССИЯ ОТЫРЫСЫ
ЖЕМІСТІ БОЛДЫ



Кеше Байқоңыр қаласында Байқоңыр кешенін дамыту мәселелері бойынша Қазақстан-Ресей үкіметаралық комиссиясының екінші мәжілісі болып өтті. Оған Қазақстан тарапынан ҚР Премьер-Министрінің бірінші орынбасары Бақытжан Сағынтаев, облыс әкімі Қырымбек Көшербаев, Ресей тарапынан Ресей Федерациясы Үкіметі төрағасының орынбасары Дмитрий Рогозин, Байқоңыр қаласы әкімшілігінің басшысы Анатолий Петренко және қос елдің бірқатар министрліктерінің өкілдері қатысты.

Үкіметаралық комиссия мүшелері бас қосқан кезекті жындан Премьер-Министрінің бірінші орынбасары Бақытжан



Сағынтаев ашып, отырыстың күн тәртібінде қаралатын мәселелерді атап өтті. Айта кетейік, аталған мәжіліске дейін комиссия мүшелері шағын құрамда кездесіп, Байқоңыр кешенінің болашақтағы дамуына қатысты өзекті мәселелерді өзара талқылаудан өткізген-ді.

Комиссия отырысында тараптар Байқоңыр кешенінің қызметі және бірлескен жобаларды жүзеге асыру мәселелерін ортаға салды. Нақтырақ айтар болсақ, жалдық сипаттағы Байқоңыр қаласы мен оның іргесіндегі Төретам, Ақай елді мекендерін бірге дамыту, бұған қоса, көптен бері көтеріліп, шешімін таппай келе жатқан Байқоңыр қаласындағы қазақстандық тұрғындардың медициналық қызметтерге қолжетімділігін арттыру және жұлдызды қалашықтағы барлық

6 қазақ мектебін Қазақстан Республикасының білім беру стандартына көшіру жайы сөз болды. Сонымен бірге, «Байқоңыр» кешенін бірлесіп пайдалану бойынша «Жол картасының» орындалу барысы талқыланды. Айта кетейік, осы жиында жер телімдерін пайдалану мен Байқоңыр қаласының мәртебесін нақтылау, «Протон-М» зымыран-тасымалдағышының ұшуын азайту мәселесі де тақырыпқа тамызық болды. Ең бастысы, мұнан былай, яғни алдағы жылдан бастап Байқоңыр ғарыш айлағында қоршаған ортаға залал келтірілер болса, онан болатын шығындарды қалай есептеудің жайы айқындалып, жалдық сипаттағы қала мен кешен аумағында Қазақстанның Экологиялық кодексінің жұмыс жасауына мүмкіндік берілетін болып шешілді.

2-бет

БАЙҚОҢЫРДА ГАЗ ҚҰБЫРЫНЫҢ
ҚҰРЫЛЫСЫ БАСТАЛДЫ



23-24 қараша күндері Сыр өңіріне ҚР Премьер-министрінің бірінші орынбасары Бақытжан Сағынтаев бастаған топ жұмыс сапарымен келді. Екі күндік сапардың алғашқы күнінде Б.Сағынтаевтың назарына Байқоңыр қаласы мен оның іргесіндегі Төретам кенті және Ақай ауылындағы бірқатар әлеуметтік нысандар жұмысы ұсынылды. Сонымен қатар, мәртебелі мейман “Байқоңыр” автоматтандырылған газ тарату станциясының жұмысымен танысты.

ҚР Премьер-министрінің бірінші орынбасары Бақытжан Сағынтаев бастаған топ жексенбі күні түс ауа Қармақшы ауданының Ақай ауылдық округі мен Төретам кентінде болды. Мәртебелі мейман алдымен Ақай ауылдық дәрігерлік амбулаториясына аялады. Жанадан салынған нысан осы аптаның сенбісі күні пайдалануға берілген. Бір ауысымда 50 келуші қабылдай алатын селолық дәрігерлік амбулатория

осы заманғы медициналық құрал-жабдықтармен қамтамасыз етілген. Қармақшы ауданының бас дәрігері Бақытжан Нысанбаевтың айтуынша, нысан облыс бюджеті қаржысына салынған. Мердігер компания “Азия Даму” ЖШС ғимараты 6 ай ішінде салып, ақайлықтардың игілігіне ұсыныпты. Кеше ғана қолданысқа берілген нысан жұмысымен танысқан мәртебелі мейман назарына келесі кезекте Төретам кентінде жанадан ашылған 280 орындық “Тауһартас” балабақшасы ұсынылды. Мұнан кейін Премьер-министрдің бірінші орынбасары Б.Сағынтаев Байқоңыр қаласындағы көпсалалы аурухана бойынша проблемалық мәселелерімен танысты.

Осы күні кешкілік Байқоңыр қаласының маңында “Бейнеу-Бозой-Шымкент” магистральдық газ құбырынан “Байқоңыр” АТТС-на газ жеткізетін жоғары қысымды бұрма газ құбырының құрылысы ресми түрде іске қосылды.

2-бет

● САПАР

СПОРТ КЕШЕНІ – СЕРГЕКТІК МЕКЕНІ

Облыс әкімі Қырымбек Көшербаевтың аудандарға іссапары жексенбі күні өңірдің солтүстігіндегі Қазалы ауданында жалғасты.

Аймақ басшысы Қ.Көшербаев алдымен Әйтеке би кентіндегі “Колжетімді тұрғын үй-2020” бағдарламасы шеңберінде салынып жатқан үй құрылысымен танысты. Осы жерде Қазалы ауданының әкімі Бақыт Жаханов өңір жетекшісіне көрнекі тақта арқылы аталған бағдарлама аясында атқарылып жатқан жұмыстарды баян етті.

Өткен жылы аудан орталығында 2 арендалық үй салынған. Ал, биыл аталған бағдарлама шеңберінде аудан орталығында бірқабатты 12 арендалық тұрғын үйдің құрылысы жүргізілуде. Бұған қоса, Т.Айбергенов көшесінде көпқабатты үйдің құрылысын “Болашақ” серіктестігі жүргізуде. Жалпы құны 206 млн. тенге болатын жоба бойынша 3 қабатты нысан 18 пәтерден

тұрады. Ғимарат ауыз су, қарз және орталықтандырылған жылу жүйесіне қосылған. Сонымен қатар аудан әкімі Бақыт Жаханов аудан орталығы газдандырылған кезде тұрғын үй бағдарламасы бойынша салынып жатқан үйлердің газ құбырына дереу қосылатынын жеткізді. “ҚазТрансГазАймақ” АҚ “Қызылорда облысының 5 елді мекенін газдандыру” инвестициялық жобасы аясында аудан орталығы – Әйтеке би кентіне жақын арада автоматтандырылған газ тарату стансасы орнатылатын болады. Ал кентішілік газ құбырларының желілері алдағы жылдың 1 шілдесінде басталады деп күтілуде. Жалпы Әйтеке би кентінде соңғы жылдары аталған бағдарлама бойынша бой көтерген арендалық тұрғын үйлердің барлығы да тағу уақытта салынатын автоматтандырылған газ тарату стансасы орнатылатын жерге жақын орналасқан. Аталған тұрғын үйлер желтоқсан айында пайдалануға берілмек.

2-бет

ШИЕЛІДЕ ЕКІ ЗАУЫТ ІСКЕ ҚОСЫЛДЫ



Аптаның сенбісі күні облыс әкімі Қырымбек Көшербаев Шиелі ауданына іссапармен келіп, бірқатар әлеуметтік және өнеркәсіптік нысандарды аралады. Сапар кезінде халықпен жүздесіп, Елбасы Жолдауынан туындайтын міндеттер туралы ой бөлісті.

Аудан орталығындағы №270 орта мектебі өткен жылы ғана жаңадан ашылып, пайдалануға берілген білім ордасы. Тұрғылықты халық санының өсуі және аудан орталығындағы тұрғын үй мекендерінің кең қанат жая бастауына байланысты салынған мектеп рәсінде көптеген түйткілді мәселелердің шешілуіне оң ықпал етті. Білім ордасының балалардың сыйымдылығы мәселесін шешу-

мен қатар, ұстаздардың талапқа сай оқытуына, жаңа технологияларды тиімді пайдалануына игі әсер еткені аңғарылды. Жаңа ғимаратта спорт залы, акт залы және асханасы бар. 600 балаға арналған аталмыш білім ордасында нақты кезеңде 353 оқушы 20 сынып комплектісінде оқып жүр.

Облыс әкімі осы сапар барысында «Мия-Шиелі» серіктестігіне қарасты мия өсімдігі тамырын

өңдейтін зауытты іске қосты. Жобалық құны 612 млн. теңгені құрайтын зауыттың жылдық қуаттылығы 250-300 тонна. Онда мия тамырын өңдеп, одан ұнтақ шығару жұмыстары жүргізіледі. Ал ұнтақты медицина саласында кеңінен қолдануға мүмкіндік мол екендігі белгілі. Зауыт құрылысын жобалаушылардың бірі Нұрымжан Сопбеков әкімге жұмыс үдерісі туралы егжей-тегжейлі баяндап, мұнда келешекте 50 жаңа жұмыс орны ашылатындығын жеткізді. Осыдан кейін аймақ басшысы ресми түрде зауытты іске қосты.

2-бет

ҮКІМЕТАРАЛЫҚ КОМИССИЯ ОТЫРЫСЫ ЖЕМІСТІ БОЛДЫ

Жиында облыс әкімі Қ.Кошербаев жалдық сипаттағы жұлдызды қалашықта жер телімі мәселесі өткір күйінде қалып отырғанын атап өтті.

Бұл өз кезегінде Байқоңыр қаласында шағын және орта бизнестің дамуына кесірін тигізіп келеді. Қалада индустриалдық аймақ салып, кәсіпорындар ашуға мол мүмкіндік болғанымен жер телімі жөнінде проблема бар.

Мәжіліс соңында ҚР Премьер-Министрінің бірінші орынбасары Бақытжан Сағынтаев пен Ресей Федерациясы Үкіметі төрағасының орынбасары Дмитрий Рогозин бұқаралық ақпарат құралдарының өкілдеріне арнап брифинг өткізді.

Онда тараптар Байқоңыр кешенін бірлесіп пайдалану жөніндегі «Жол картасы» бойын-

ша бір жыл ішінде атқарылуы тиісті жұмыстардың бәрі дерлік орындалғанын атап өтті.

— Бүгін үкіметаралық комиссия мүшелері Байқоңыр қаласында бас қосып, әлемдегі теңдесі жоқ ғарыш кешенінің болашақта дамуы мен Байқоңыр қаласының инфрақұрылымының дамуына, сондай-ақ жұлдызды қалашықта тұратын тұрғындардың әлеуметтік мәселесі мен қазақстандық «Бәйтерек» ғарыш кешенінің келешегіне қатысты мәселерді талқылап, ортақ шешімге келдік. Мен Байқоңыр кешенін бірлесіп пайдалану бойынша құрылған үкіметаралық комиссияның жұмысы нәтижелі болды деп есептеймін, — деді РФ Үкіметі төрағасының орынбасары Д.Рогозин.

ҚР Премьер-министрінің бірінші орынбасары Бақытжан Сағынтаев комиссия отырысының

қорытындысы бойынша үлкен келісімдерге кол жеткізілгенін атап өтті. Жол картасы жобасы басталған 1 жылдың ішінде атқарылуға тиісті жұмыстардың барлығы жүзеге асырылғанын жеткізген Б.Сағынтаев алдағы жетектас аянының 23-інде Мәскеу қаласында қос елдің Президенттері кездесетінін, барлық құжаттар сол кезде бекітілетінін мәлімдеді.

Бұған қоса, мәжіліс барысында «Бәйтерек» ғарыш зымыран кешенінің бірлескен жобасы талқыланып, Байқоңыр кешені бойынша Қазақстан-Ресей үкіметаралық комиссиясы туралы ережеге кол қойылды.

Дәуржан ЕЛУБАЕВ,
Бағдат ЕСЖАНОВ (сурет).

Айта кетейік, “Байқоңыр” автоматтандырылған газ тарату станциясы “Қызылорда облысының 5 елді мекенін газдандыру” инвестициялық жобасын іске асыру шеңберінде салынып жатқан тұңғыш нысан.

АҚ бас директоры Ибулла Сердиев көрнекті такта арқылы облыс аумағында атқарылатын жұмыстарды баян етті. Оның айтуынша, Қызылорда облысының әкімдігі мен “ҚазТрансГазАймақ” АҚ арасын-

қысымды газ құбыры және 70 шақырым қалашық газ құбыры жүргізіледі.

Айта кетейік, бұл жұмыстар жоғарыда аталған 4 аудан орталығында да қатар атқарылмақ. Жобаның жалпы құны — 23 млрд. теңге. Жоба

тарату пунктін, 258 шкафты пункт салу көзделіп отыр. Осы жұмыстар ойдағыдай жүзеге асқан кезде облыс халқының 70 пайызы, яғни, 190 мыңнан астам тұрғын табиғи газбен қамтамасыз ету жоспарланған. Ал

ЕЛІНЕ ЕҢБЕГІ СІҢГЕН АЗАМАТ



Сенбі күні Шиели ауданындағы №270 орта мектепке қоғам қайраткері Гафур Мұхамеджановтың есімін беру салтанаты өткізілді.

Онда кіріспе сөз алған облыс әкімі Қ.Кошербаев, халыққа жақсылық қызмет еткен қайраткер жайлы ләбізін білдіріп, Мәңгілік ел идеясы ұрпақтар үндестігімен жүзеге асырылатынын жеткізді.

Салтанатты шарада қоғам қайраткері О.Сәпиев, Шиели ауданының құрметті азаматы, ардагер Р.Мәуияев, Гафур ағаның қызы Ә.Мұхамеджанова естеліктер айтып, құттықтауларын жеткізді.

Салтанатты шарада №270 мектепке Ғ.Мұхамеджановтың есімі беріліп, бюсті ашылды. Шараға қатысушылар мектеп ғимаратының ішін аралап, пән кабинеттеріндегі оқу үрдістерімен танысты.

Гафекен 1924 жылы өмірге келген. Қызылорда педагогикалық институты мен Алматы жоғары партия мектебінен дәріс алған ол еңбек жолын қатардағы мұғалім болудан бастады. 1943-1945 жылдары Ұлы Отан соғысына қатысып, І дәрежелі Отан соғысы орденімен марапатталды. 1945-1970 жылдары Шиели ауданы комсомол комитетінің хатшысы, аудандық атқару комитетінің төрағасы, аудандық партия комитетінің бірінші хатшысы қызметтерін атқарса, 1970-1975 жылдары Жанакорған аудандық партия комитетінің бірінші хатшысы, ал 1975-1985 жылдары Қызылорда облыстық комитетінің әкімшілік және сауда-қаржы органдары бөлімінің меңгерушісі, облыстық атқару комитеті төрағасының бірінші орынбасары болып жемісті еңбек етті. Азаматтың еңбегі еленип, 3 мәрте “Еңбек Қызыл Ту” орденімен, III дәрежелі “Данк” орденімен және ондаған медальдармен марапатталған. Қорық ата атындағы мемлекеттік университетінің Студенттер сарайында Гафур Мұхамеджановтың өмірі мен еңбек жолына бағышталған танымдық конференция болып өтті. Конференция жұмысын облыс әкімі Қырымбек Кошербаев кіріспе сөзбен ашып, белгілі азаматтың Сыр аймағының өркендеуіне айтулы үлес қосқанын атап өтті.

— Қайраткер Шиели, Жанакорған аудандарында басылымға болғанда қыруар істер атқарды. Шиели-Түгіскен массивін салдыруда Үкімет қаулысын шығаруға бірден-бір себепші болған Гафур ағамыз еді. Сондай-ақ, Шалқия кенішін зерттеу жұмыстары да осы кезеңде ба-

Сыр бойынан небір айтулы азаматтар өмірге келіп, елі үшін еңбек етіп, сарғайған тарих парактарына алтын әріппен жазылып қалған. Солардың бірі — аймақтың айшықтануына өзіндік қолтаңбасын қалдырған, 40 жылға жуық уақыт бойы басшылықта болған мемлекет және қоғам қайраткері Гафур Мұхамеджанов.



стау алған. 1964 жылы Д.Қонаев Шиели ауданында болғанда аудан орталығы мен ауылдар арасындағы жол қатынасын көріп, осы жолдарды жөндеуге үкімет тарапынан қаржы бөліреді. Шиели кенті қалаға айналды.

Ауданда каналдар қазылып, күріш егісін екі есеге ұлғайды. Мал басы көбейді. Жанакорған ауданында басылымға болғанда көрші Өзбек еліндегі қандастарымыздың туған жерге оралуына басып болды, — деген облыс әкімі Гафекеннен талай танымал азаматтар дәріс алып, еліне еселі қызмет еткенін айтты.

Конференцияға қатысушылар абзал азаматтың өмірі мен еңбек жолын баян ететін деректі фильмді тамашалады. Мұнан соң мемлекет және қоғам қайраткері, облыстық ардагерлер кеңесінің төрағасы Сейітбек Шауханов сөз алып, текті әулеттің тұяғы Гафурдың бітім-болмысы өзгелерден бөлек екендігіне кеңінен тоқталды.

— Мен Гафекеннің қол астында бес жыл қызметтес болдым. Ағалы-інілі қатынаста болдық. Талапшыл да тұрашыл болатын. Содан да одан тағылымды тәлім-тәрбие алып, ел қатарлы азаматтар қатарына қосылдық, — деді облыстық сайлау комиссиясының төрағасы белгілі азамат Қорғанбек Қайруллаев. Қорық ата атындағы мемлекеттік университетінің профессоры Қазыбай Құдайбергенов Гафекенмен таныс-біліс, тұз-дәмдес болғанын, сонда оның ақ жолдан адаसाы жүріп, өзі айтқандай, адалдықты, әділдікті, қайырымдылықты ту еткенін көңіліне паш етті. Ғалым Сыр елінде өтіп жатқан ардақты азаматтардың есімін ұлықтау шараларының тағылымы мол екенін ескеріп, ғылыми жоба жасап, жүйелеуді ұсынды.

Конференция соңында қайраткердің ұлы Бектас Мұхамеджанов Сыр елі еңбек етіп, халық алғысына бөленген әкесінің 90 жылдығына байланысты еске алу шараларын өткізуге ұйытқы болған облыс басшысына Сыр елі жұртшылығына шын жүректен шыққан алғыс сезімін жеткізді.

Сол күні Ғ.Мұхамеджановтың аруағына ас беріліп, құран бағышталды.

Еркін ӘБІЛ.

БАЛАБАҚША МЕН ЕМХАНА ХАЛЫҚ ИГІЛІГІНЕ АЙНАЛДЫ

Қармақшы ауданының Төретам кенті мен Ақай ауылдық округінде соңғы жылдары көптеген келелі істер атқарылды. Оған дәлел ретінде соңғы екі жыл ішінде Төретам кенті мен Ақай ауылында заман талабына сай бірнеше көшелерге күрделі жөндеу және жарықтандыру жұмыстары жүргізілсе, бір мектеп, балабақша, мәдениет үйлері мен Төретам кентінде емхана тұрғындардың игілігіне берілді. Сонымен қатар, орта және шағын кәсіпкерлікті дамыту мақсатында мемлекеттік «Сыбаға», «Жұмыспен қамту-2020 жол картасы» және басқа да бағдарламалар бойынша көптеген азаматтарға өз кәсіптерін ашуға мүмкіндік туғызды.

Өткен сенбіде Еліміздің Тұңғыш Президенті күніне орай Төретам кентінде 280 орындық балабақша ғимараты тарту етілді. Оны «Дәй-Телеком» ЖШС (директоры Ахметбек Мәмбетов) құрылысшылары салып шықты. Бүлдіршіндердің тәлім-тәрбие алуларына толық жағдай жасалған. Жарық та жылы. Жалпы сметалық құны 446.589 млн. теңге тұрады. Балабақшада бүгінде 12 топ бойынша тәрбиеленетін 250 бүлдіршінге 24 жоғары және арнаулы орта білімді мамандар мен бірге 33 техникалық қызметкер тәрбие беру-де. Алдағы уақытта балабақшада тәрбиеленетін бөбектер саны артады деп күтілуде.

Жергілікті жұрттың қуанышын бөлісуге облыс әкімінің орынбасары Ақмарал Әлназарова мен аудан әкімі Нәжмадин Шамұратов келіп, балабақшаның ашылу салтанатына қатысты.

Облыс әкімінің орынбасары Ақмарал Әлназарова ғарыш айлағы тұрғындарына өзінің жүрекжарды жылы ләбізін білдірді. Елімізде, оның ішінде Сыр өңірінде Елбасының саралы саясатының арқасында жүзеге асырылып жатқан жұмыстар барысы жайлы сөз қозғады. Сонымен қатар, облыс басшылығының осы өңірдің экономикасы мен халқының әлеуетін көтеру басты міндеттердің қатарында екенін тілге тиек етті.

Аудан әкімі Нәжмадин Шамұратов



ШИЕЛІДЕ ЕКІ ЗАУЫТ ІСКЕ ҚОСЫЛДЫ

— Мия тамырын өңдеп, өнеркәсіпке қолдану — пайда көзінің бірі. Бұл Сыр өңірінің өзіндік табыс көзі болып қала берелі. Дегенде, өнімді өңдеу мен оны өсіру жұмыстары да қатар жүйелі жүргізілуі керек, — деді Қырымбек Елеуұлы.

Зауыттың ашылу салтанатында сөз алған Ақмаа ауылдық ардагерлер кеңесінің төрағасы Кенжетай Палмағанбетов Мемлекет басшысының халыққа Жолдауы жамағат арасында үлкен серпіліс туғызып, оны орындау жо-

лында жергілікті жерлерде ізденісті жұмыстардың жүргізіліп жатқандығын тілге тиек етті. Сонымен бірге шекті аймақтардың өзінде көптеген әлеуметтік нысандардың салынуы және өндіріс орындарының ашылуы нәтижесінде елдің тұрмыстық жағдайының көтерілгендігіне қанағаттанғандық сезімін білдірді.

Осы күнгі сапары кезінде Қырымбек Кошербаев Қаратау бекетінен әк шығара бастаған «Шиели тас-Оңтүстік» серіктестігі зауыттың жұмысымен таныс-

ты. Жергілікті шикізаттарды пайдалана отырып, құрлыққа қажетті заттарды шығару шынында тиімді. Біріншіден өнім арзан болса, оларды шекте шығару арқылы да қыруар пайда табуға болады. Әрі бұл Мемлекет басшысының индустриялық-инновациялық жобаларды жергілікті жерде тиімді жүзеге асыру тапсырмасының орындалуының нақты көрінісі болмақ. Яғни, табыс көзімен қатар тұрғындардың жана жұмыс орынын қамтамасыз етуліне жол ашылады деген сөз. Жалпы құны 177



млн. теңге болатын әк зауыты толықтай іске қосылғанда мұнда 84 адам еңбек ететін болады. «Шиели-тас-Оңтүстік» ЖШС директоры Ермек Асанбаевтың мәлімдеуінше, екен өзге бұл жерде силикат кірпіштер де шығарыла бастайды. Оның жобалық құны 602 млн. теңгеге бағаланып отыр. Бір жылда 15 млн. кірпіш шығаратын зауыт-та алысқа тарта адам еңбек ететін болады. Яғни, аталмыш жобаның құндылығы да жоғары, аймақ өндірісіне қосатын үлесі де мол деген сөз. Облыс әкімі Қырымбек Кошербаев жана өндіріс

Нұрмахан ЕЛТАЙ,
Шиели ауданы.



АРДАГЕРЛЕР – АБЗАЛ ЖАНДАР

ӨНЕРЛІНІҢ ӨРІСІ КЕҢ ҚАШАНДА

Біз көп ретте жасы келіп, зейнеткерлікке шыққан жандарды немересін бағып үйде отырғанын, болмаса ағайын-туыстың, көрші-көлемнің қуанышы мен қайғысына ортақтасып жүретін жан ретінде елестететініміз жасырын емес. Алайда, жұмыр да гана облыстық драма театрда ардагерлер арасында өткен өнер фестивалі бұл ойымызды жоққа шығарды.

Жасы келіп, зейнеткерліктің ауылымен көрініс қонған ардагерлердің арасынан өнер фестиваліне қатысуға инет еткен өнерпаздар 12 номинация бойынша сайысқа түсті. Фестиваль шымылдығын ашқан Салық Әлиев жетекшілік ететін Жалағаш аудандық хор ұжымының орындаған “Бейбітшілік сақталды”, коғалықолдіктердің “Отан деп соққан жүрекпен” және Әбдібек Сүгірбаев жетекшілік ететін хор ұжымының орындаған Б.Байқенжетінің “Түлгенген

Жанакорғаным” әндері көп көңілінен шықты.

— Иә, ардагерлер қандай іске қалса да, не өтініш айтса да шын пейілімен беріле орындайды, — дейді облыстық ардагерлер кеңесі төрағасының орынбасары Құлай Ермағанбетова. — Олардың бойындағы қайтпас жігер мен өнерге деген талпынысы, адалдығы сүйсінетінді. Мәселен, өзі аяқ жолын көрмесе де әдемі даусымен, әсерлі әнімен көпті таңсандыратын Бибіахяр Абдуллаеваның, сыраариялық Яһ-тайбек Сырмаханов пен қазылық Шәмшігүл Захарованың кен тынысты әрі әдемі әндері көп көңілінен шыққаны айқын.

Өркімнің де өнерге таласы бары жасырын емес. Фестивальде өнер көрсеткен ардагерлердің қай-қайсысы да ешкімнен кем емес, әрқайсысының өзіндік өрнегі, ерекшелігі бар. Сондай ерекшелікті бейнелеу өнері мен көпөнер бұйымдарын жасаушылар арасынан да байдалық. Әсіресе, жанакорғандық Тынысқұл Асанованың көпөнер

бұйымдары өз алдына бір төбе. Ол жасаған бұйымдар ұлттық ою-өрнекпен көмкеріліп, әсемдігімен құй тартады. Бала тәрбиесін басты нысана еткен ардагер өзінің өмір жолынан әр кезеңде жазылған “Туған жер”, “Ана махаббаты” және “Кел, бірге шырайық” атты кітаптарын оқырған на-зарына ұсыныпты. Автор Т.Асанова өз шығармаларында аталардың қайымен қорғалған туған жерін, қасиетін, оны жат жұрттыққа бастырмау қажеттігін, ана мен бала арасындағы көзге көрінбес, ешнәрсеге айырбасталмас махаббаттың мәңгілік екенін, ән құдіретінің алар орынн суреттейді. Жас ұрпақты Отанды, туған жерді сүйуге, ата-ананы құрметтеуге үндеді.

Шындағында, бүгінде бүкіл елдің, бір әулеттің қамқоршысына айналған, тұтас елге татулық пен тыныштық, береке мен бірлік тілейтін ардагерлердің алмас қамалы жоқ. Өнер сайысына келген әр ардагердің ән мен биінен, салтан суреті мен жасаған көпөнер бұйымынан өмірге, өнерге деген құлшынысты, өзінің туған жеріне деген адал махаббаты сезінуге болады. Қалай болғанда да жүзден жуырық шыққан өнері ардагерлер Сыр өңірінің мақтанышына айналары хақ.

Ж.БАЛАБАЙҚЫЗЫ.

Нұрсұлтан күнделікті жұмысына асығады. Айналасындағылармен етене араласып, емен-жарқын сөйлеседі. Құрдастары ойын-шынын араластыра “Президенттің аттасы жетерлік, алайда, сен секілді үлкен кісінің шапағатын көргені кемде- кем” деп үнемі еске салып отырады. “Балдырғандай әжесі болмағаны үшін өздері кінәлі” дейді Нұрсұлтан да есесін жібермей. Әжесі еске түссе, бойын тәтті сағыныш кернейді. Әжесі қандай еді?! Талайды өзінің адал да тындырымды еңбегімен, тура айтар мінезімен таңдандырған Елбасының атын иеленіп, әжесінің тәрбиесін көрген Нұрсұлтан Әбілдіаев әркез өзіне қадірлі болған осы екі жанның, ата-анасының, ұстаздарының үмігін ақтауға ұмтылады. Мектепте де, жоғары оқу орнында да осы міндетті орындауды басты қағидасына айналдырды.

НҰРЛЫ ЖОЛДАҒЫ НЕМЕРЕ



Өткенде Астанадан жоғары көңіл күймен оралды. Елбасының қолтаңбасы қойылған “Президент пен Перзент” атты кітапты иеленді. Оның ішінде Елбасының шапағатын көрген, оның атын иеленген жандар туралы, олардың қазіргі өмірі мен қызметі туралы мағлұмат берілген. Нұрсұлтан Алтынбекұлы көркем безендіріліп, сапалы басылған кітап ішінен өзі туралы да оқып, бір марқайып қалды.

Нұрсұлтан өзіне осы есімді берген Балдырған әжесін әркез ризалықпен еске алады. Кезінде ақ күріштен тау тұрғызып, өзінің адал еңбегімен Еңбек Ері атанған Балдырған Мұстафаева немересіне Елбасының атын бергенде ұрпағының оған сәл де болса ұқсаса деген арманы екенін үнемі айтып отыратын-ды. Өзінің Елбасымен түскен суреті әлі күнге қарашаңырақтың төрінде ілулі. Онда төрт-бес жасар ұлттық киім киген Нұрсұлтан Тұңғыш Президенттің құшағында риза кейіпте еркін тұр. Сол сапарында Елбасы кішкентай аттасына дойбы, ұшақтың макетін сыйлаған. Одан кейін де әжесі үлкен кісінің өзі туралы үнемі сұрастыратынын айтып, өзінің атына лайық болуы қажеттігін құлағына құтыын. Өзі жақсы көретін әжесінің тәрбиесінен, әлде Елбасының атын иеленгеннен кейін өзінің соған сай болуы қажеттігін сезінген, соны өзіне мақсат еткендіктен болар, әйтеуір Нұрсұлтан қатарынан кейін қалуды үнемі өзіне ар санайтын. Қаладағы Тұрар Рысқұлов атындағы №222 орта мектепті ойдағыдай бітіріп, Қорқыт ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университетінің заң бөліміне оқуға түсті. Үнемі ізденіп, білмекке ұмтылып жүретін Нұрсұлтан университетте жүргенінде Елбасымен тағы жүздесті. Бұдан тоғыз жыл бұрын Сыр өңіріне келген сапарында Мемлекет басшысы сту-

дент Нұрсұлтанға өзінің қолтаңбасы бар сағат сыйлап, алдағы өміріне сәттілік тілеген болатын. Өз тұстастарының алдында мерейі ескен Нұрсұлтанның өмірге деген құлшынысы, өзіне деген сенімі артты.

Қызылорданың күн өткен сайын ауқымы кеңейіп, сәулетті нысандар, сәнді ғимараттар қатары көбейіп келеді. Туған жерінің аумағының өсіп, іргесінің кеңігенін, сәулеті мен салтанатының артқанын әркім де мақтаныш етері хақ. Жаңалыққа жаны құмар Нұрсұлтан да үнемі солардың қатарында. Сыр халқы енді Елбасының “Нұрлы жол – болашаққа бастар жол” атты Жолдауын іске асыруға құлшыныс білдіруде.

Өткенді ой елегінен өткізген Нұрсұлтан Алтынбекұлы өзінің бала кезінде Президенттен алған батасының қабыл болғанына әркез көз жеткізгендей еді. Жоғары оқу орнын ойдағыдай бітірді, әкесі Алтынбек пен анасы Маржанның өрісін ұзартып келін түсіріп, немере сүйгізіп отыр. Өзі мемлекеттік қызметте, ортасына сыйлы. Оны алға жетелейтін өмірге деген ынтасы мен өз-өзіне деген сенімі, ертенгі күнге деген құлшынысы. Тағы бір жаңалығы, Елбасының туған күні қарсаңында арнайы киноға да түсті. Демек, бүгінгі мемлекеттік қызметкер Нұрсұлтан Әбілдаевтың сонау бала шағында Елбасыдан алған ақ батасының бүгінде бақ батаға айналғаны, оның өз өмірін нұрлы жолға бастап келе жатқаны анық. Ол өз болашағының нұрлы болатынына, Елбасының, аяулы әжесінің риясыз көңілмен берген ақ батасы мен тілегінің орындалатына сенеді. Сол сенім оны алыс армандарға жетелеп келеді.

Жұмағұл ОРАЛБАЕВА.

Жаны жарқын, көңілі дархан Сыр елінің халқы Елбасымыздың назарынан тыс қалған емес. Тарихымыздың талай қатпарларын қойнына басып жатқан Сырдария сырлары кімді болса да елең еткізетіні белгілі. Содан да болар, “Алаштың анасы” деп бағалағаны. Елбасы әрдайым Сырға назар салуы жігерімізді жанып, бәрімізді жаңа белестерге жетелейді.

Осы елдің тұрғыны ретінде мен бірнеше рет Ұлт көшбасшысы Н.Назарбаевпен кездесу сәтіне ие болғанымды мақтанышпен еске аламын. Өткен ғасырдың 80-жылдары Н.В.Гоголь атындағы педагогикалық институтында партия ұйымын басқардым. Сонда Алматыда Бастауыш партия ұйымдары хатшыларының республикалық семинарына қатыстым.

Біздің облыстан барған делегацияныңатынан целлюлоза-картон комбинатының партия ұйымы хатшысы Берік Тайжанов сөйледі. Семинар жұмысын басынан аяғына дейін республикалық орталық партия ұйымының 1-ші хатшысы Н.Назарбаев басқарып, жүргізіп отырды. Үзіліс кезінде біздің облыстан семинарға қатысқан азаматтарға өзі келіп, елдің жағдайын, халықтың көңіл-күйін сұрастырды. Өліміз келгенше жауап беріп жаттық. Ол кезде бізде ешқандай ой болған жоқ. Ал қазіргі уақыт деңгейінен қарасақ, Н.Назарбаевтың

ӨМІРІМДЕ ӨШПЕЙТІН ІЗ ҚАЛДЫРҒАН

қызылордалықтарға ерекше мән беруінің мынандай себептері болған сыңайлы. Біріншіден, Қызылорда облысы республикадағы қазақтардың ең көп қоныстанған жері. Сондықтан, қоғамда болатын тарихи өзгерістерге ұлттық тұрғыдан бет түзейтін, алдыңғы сапта болатын, ұйысқан географиялық орта ретінде қабылданады. Екіншіден, Кеңес Одағының тарайтын уақытының жақындағаны елден бұрын сезінгендіктен болар халықтың жалпы көңіл-күйіне, саяси тұрақтылығына ерекше мән бергені де кездейсоқтық емес. Иә, көп ұзамай Одақ тарап, тәуелсіздікке қол жеткіздік. Бұл менің Елбасымен бірінші кездесуім.

1991 жылы Алматыда Тәуелсіз Қазақстанның алғашқы Президенті Н.Назарбаевтың ант қабылдап, ел билігін қолына алу рәсіміне қатыстым. Біздің облыстан 20-дан аса әртүрлі сала қызметкерлері болды. Есімде қалғаны сол кездегі облыстық “Қызылординские вести” газетінің бас редакторы Евгений Харитонович Хан, облыс мешітінің бас имамы Ыдырыс Ақмырзаев, т.б. қызылордалықтар бұл тарихи шараға бір күн ерте барып, Республика сарайы жанындағы қонақ үйге орналастық. Ертеңіне сағат үште ант қабылдау рәсімі басталды.

Айналып келгенде, еліміздің туының Н.Назарбаев

ФОТОШЕЖІРЕ

ЕҢБЕК ЕРЛЕРІМЕН ЖҮЗДЕСУ

Қолымыздағы бұл суретте Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың Қызылорда облысынан шыққан Еңбек Ерлері Шырынкүл Қазанбаева мен Жадыра Таспанбетова, Сәлима Жұмабековамен әңгімелесіп тұрған сәті бейнеленген.

«Елбасының Сыр өңіріне келген сапарының бірі еді, жас келген соң жаңылыса беремін, шамамен алты- жеті жыл бұрын болған жағдай ғой. Еңбек ардагерлері мен озаттарды қабылдаған соң осылай суретке түсудің сәті келе қалды. Жаңымда Жадыра да бар еді, Нұрсұлтан Назарбаев қашанғы еңбек адамдарын тосырмамайтын мінезімен бізбен жылы сөйлесіп, әңгімеге тартты. Жасымның үлкендігін пайдаландым-ау деймін, өңірімізге келген қадамының құтты болуына тілектестігімді айтып, өзіне мықты денсаулық пен отбасына аманшылық тіледім. Тәуелсіздігіме тәубе деп, жастарымыздың осы құнды байлықты қастерлеуін, ел шетінің қашанда берік болуын ойлайтынымызды айттым. Президент өте сезімтал кісі ғой, менің жүрегімнен шыққан сөздің көптің ұйғарымы екендігін аңғара отырып: «Сіздер де аман болыңыздар, кең даламызды мекен еткен халқымыздың пейілі де кең. Алдағы күндеріміз мұнан да жарқын, болашағымыз берекелі болады. Сол үшін қызмет жасай береміз. Ауылдастарыңызға сәлем айтып, жақсы істерге батағөй болып жүріңіз», деді. Бұл сөз ат үстінде жүрген бауырларымызға да аманат деп түсіндім. Міне, уақыттың өзі көрсетті: Сыр бойындағы ауылдардың өзі көптеген әлеуметтік жетістіктерге қол жеткізді. Қаншама жаңа мектеп, қаншама ауруханалар салынып, пайдалануға берілді. Ауыз сулар тартылып, жолдар жөнделді, самаладай шамдар түннің өзін күндізгідей жарық етіп тұр. Халықтың да әл-ауқаты түзелді, дейді Шырынкүл апа



Қазанбаева арнайы барып әңгімелескен кезімізде.

Күні кеше ғана Шиелі ауданында екі бірдей өндіріс орны іске қосылды. Бірі әк шығарса, екіншісі мия шөбінің тамырын өңдейді. Бірі

«Нұрлы жол – болашаққа бастар жол» атты Жолдауында бірлігімізді бекемдеп, Отан алдында аянбай тер төгуге шақырды емес пе?!
Нұрмахан ЕЛТАЙ.

ЖАРҚЫН ЖОБА ЖЕМІСІ

Елбасының бастамасымен қолға алынған “Сырдария өзенінің арнасын реттеу және Солтүстік Арал теңізін сақтап қалу” жобасы – ғасыр жобасы. Теңіздің қазақстандық бөлігін сақтап қалуда теңдессіз іс жүзеге асырылуда.

2005-ші жыл болатын. Сол кезде жоғарыда айтқан жобаның І кезеңі қолға алынып, Көкарал бөгеті салынып, Кіші теңізге су келе бастады. Соның нәтижесінде Солтүстік Арал теңізінің тұздануы литріне 23-тен 13-ке дейін төмендеп, су айдыны 15-тен 27 текше шақырымға дейін артқан болатын. Сондай-ақ, Сырдария өзенінің қыс айларында суды жіберу көлемі секундына 650-700 текше метрге дейін артты. Көлемі 20-30 мың гектар болатын көлдер жүйесі қалпына келіп, балық шаруашылығын дамытуға жол ашылды. Жоғалып кеткен балықтың 13 түрі қайта пайда болды. Теңіз айдыны Арал қаласына 75-тен 17 шақырымға дейін жақындады.

Елбасы 2005 жылы САРАТС-1 жобасы нысандарын көруге келген еді. Сонда Елбасының “Иә, сәт, өсер көбейсін” деп өз қолымен бекіре балығын айдынга жібергенін ел болып мақтаныш санаймыз. Президент жобаның аймақтың әлеуметтік-экономикалық жағдайы мен табиғи ортаны жақсартудағы маңыздылығын айта келе, атқарылар жұмыстарды жалғастыру қажеттігін тапсырды. САРАТС-тың 2 кезеңіне дайындық сол жылы басталып, Қазақстанда жүзеге асырылатын басты жобалардың қатарына енгізілген болатын.

Сыр аймағы үшін балық шаруашылығының орны ерекше. Елбасымыздың бастамасымен өмірге келген САРАТС жобасының нәтижесінде облысымызда балық шаруашылығын дамытуға зор мүмкіндік туды. Қазір балық аулау Кіші Арал теңізінде 17 есеге артып отырған жайы бар. Жоғарыда айтқандай, балықтың 13 түрі қайта пайда болып, бүгінде оның түрі 27-ге жетті. Ал, САРАТС жобасының екінші кезеңі жүзеге асырылған кезде Кіші Арал теңізіндегі балық аулау көлемі бүгінгіден 2 есеге дейін артады деген болжам бар, яғни, балық аулау көлемі 30 мың тоннаға дейін жеткізілмек.

Балық шаруашылығында тауарлы балық өсірудің маңызы зор. Осынау игілікті іске облыс әкімі Қырымбек Көшербаев айрықша көңіл бөліп отыр. Соның нәтижесінде, біздің Арал өңірінің табиғи кешенін қалпына келтіру шаралары қолға алынып, аймақ тұрғындарының өмірі мен экономикасының дамуына қолайлы жағдай жасалды. Содан да балық өнімін өңдейтін зауыттар салынды. Бүгінгі күні балықшылар өз өнімдерін ТМД және Еуропа елдеріне экспортқа шығарып отыр. Береке деген осы емес пе? Өңделген өнімнің бағасы да құнды болатыны анық. Елбасымыздың сарабалда саясаты арқасында өмірге келген СА-



РАТС-2 жобасы толықтай аяқталғанда балық шаруашылығының ауқымы кеңейіп, өзіндік даму жолына түсетініне бек сенімдіміз. Жарқын жоба жемісін көрудеміз.

Әділбек ӘЙІМБЕТОВ,
облыстық балық шаруашылығы консорциумының төрағасы.
Арал қаласы.

“Шаһнаманың” аудармасын Тұрмағанбеттің немересі Елбасына сыйлады. Бір кезде “ал, не айтасындар?” дегендей, көпшілікке қарады. Сол сәтте өз ойымды айтуға мүмкіндік туды.

Менен кейін Елена Рыбина қазақша сөйлеп, құттықтады. “Қазақшаны жақсы меңгерген екенсің, қайда оқисың, айналайын?” деп Еленаны бір көтеріп тастады. Бәріміздің ойымызда бірге ескерткішке суретке түсу болатын. Соны білгендей өзі “Ал, қане, бір суретке түсіп жіберейік” деп сырт киімін шешті де, ортамызға келді. Сонда біз Н.Назарбаевтың қарапайымдылығына, ыждағаттылығына, кішіпейілділігіне таңғалысып, риза болып, сәт сапар тілеп шын жүректен қол бұлғап қала бердік. Бұл менің Елбасымен төртінші кездесуім.

Осы жарқын жүздесулер жүрегімде терең із қалдырып, келер күндеріме сәулелі шуағын шашып жүргеніне өзімді бақытты сезінемін. Қыран қанатты Қазақстанның болашағы біздің Ұлт көшбасшысы Н.Назарбаевтың есімімен ғасырдан-ғасырға жасай беретіні сөзсіз.

Қазыбай ҚҰДАЙБЕРГЕНОВ,
Қорқыт ата атындағы
ҚМУ-дың профессоры.

“БАТЫС ЕУРОПА – БАТЫС ҚЫТАЙ”

“Қазақстан ұшқан құстың қанаты талатын ұлан-ғайыр аумақтың иесі. Сондықтан аталған жоспар орасан қаражат пен еңбекті, аса ауқымды жұмысты қажет етеді. “Елдің өркенін білгің келсе, жолыңа қара” деген қағида қалыптасқан. Барыс-келіс пен алыс-берісте жол қатынасы айрықша маңызға ие. Көне замандарда ірі қалаларымыздың көбі Ұлы Жібек жолын жағалай қоныс тепкен”.

“Көліктік логистикалық инфрақұрылымдарды дамыту. Ол макроөңірлерді хабтар қағидаты бойынша қалыптастыру аясында жүзеге асырылатын болады. Оның үстіне, инфрақұрылымдық қаққа Астананы және макроөңірлерді магистральды автомобиль, теміржол және әуе жолдарымен шұғыла қағидаты бойынша өзара байланыстырады. Бірінші кезекте негізі автожолдар жобасын жүзеге асыру қажет. Бұлар «Батыс Еуропа – Батыс Қытай», «Астана-Алматы», «Астана-Өскемен», «Астана-Ақтөбе-Атырау», «Алматы-Өскемен», «Қарағанды-Жезқазған-Қызылорда», «Атырау-Астрахань».

Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың Қазақстан халқына арнаған “Нұрлы жол – болашаққа бастар жол” атты Жолдауынан.

Шындығында, Елбасы жақында ғана Жолдауында жол мәселесіне ерекше тоқтағды. Соның ішінде Жолдаудағы басым жеті бағыттың ішінде бірінші болып көліктік-логистикалық инфрақұрылымдарды дамытуға айрықша мән берді. Осы жолдардың ішінде “Батыс Еуропа – Батыс Қытай” халықаралық көлік дәлізінің алар орны ерекше. Мемлекет басшысының бастамасымен 2009 жылы қолға алынған бұл жол құрылысын сол кезде Елбасының өзі бастап берген болатын. Ал бұл құрылыс біздің облыста 2010 жылы басталды. Жалпы “Батыс Еуропа – Батыс Қытай” арасын жалғайтын халықаралық көлік дәлізі Қазақстанның бес облыс аумағынан өтеді. Оның қашықтығы 2787 шақырымды құрайды. Ал, біздің облыстағы оның ұзындығы 812 шақырым.

Жалпы бұл халықаралық жолдың салынуы өткенғасырларда біздің ата-бабаларымыз жүріп өткен Ұлы Жібек жолын қайта жаңғырту десе де болады. Негізі халықаралық автожолдың салынуы біз үшін қай жағынан да тиімді болмақ. Соның ішінде қазіргі күні Қытайдан Батыс Еуропаға дейін теңіз арқылы жүк жеткізуге 40 күн уақыт кететін болса, аталған жоба іске асқанда Еуропа мемлекеттеріне жүкті жеткізуге бар болғаны он күн ғана кетеді. Осы есеппен алғанда 2020 жылға қарай жүк айналымының көлемі 2,5 есеге дейін көбейіп, 13 млн. тоннадан 33 млн. тоннаға дейін артады деп күтілуде. Оның үстіне әлем кәсіпкерлері теңіз арқылы тауар тасымалы үшін жылына 700 млрд. АҚШ долларынан астам шығын шығарады. Егер де осы жүк керуенінің белгілі бір бөлігі автокөлікпен Қазақстан арқылы тасымалданып болса, онда ол біздің еліміздің әлеуметтік-экономикалық тұрғыдан дамуына зор үлес қосады.

Бүгінде осы маңызды жобаға орай облыс аумағынан салынып жатқан 812 шақырым жолдың 246 шақырымы бірінші техникалық, ал 566 шақырымы екінші техникалық категорияға жатады. Осы жолды қайта жаңғырту барысында облыс аумағынан 48 көпір, 336 құбыр, 74 мал өтетін орындар мен 14 екі деңгейлі жол айырығы және екі теміржол өткелі салынады. Өз кезегінде бұл нысандар алдағы уақытта жергілікті жердегі халықтың игілігіне жұмыс жасайтын болады.

Айта кету керек, жаңа жоба толықтай іске асып, пайдалануға берілгенде, ондағы көлік құралдарының жолда жүру жылдамдық көрсеткіші сағатына 120 шақырымға дейін өседі. Осы орайда автокөлік жолы бойында кездесетін кептеліс секілді қиындықтарды болдырмау мақсатында бұл автожол облыстың сегіз елді мекенін айналып өтеді. Бір ескерерлік жайт, автокөлік құралдарының жолда жүрудегі бір белтемірге түсіретін күші 13 тоннаға дейін жеткізіледі. Бұл өз кезегінде өте ауыр салмақты жүк автокөліктерінің осындай жүкті тиеп, тасы-



малдауда аталған жолда емін-еркін жүруіне жол ашады. Сондай-ақ, бұл мегажобаның басты айырмашылығы бұрынғы 10-12 метрлік жол төсеніштер 15 және 27,5 метрге, ал жол жамылғысының ені 6-7 метрден 9-9,2 метрге дейін жеткізіледі.

Халықаралық автокөлік жолының салынуымен Арал, Қармақшы аудандары мен Қызылорда қаласында жол пайдалану учаскелері салынады. Сондай-ақ, Шиелі ауданындағы бүгінгі күндері жұмыс істеп тұрған жол пайдалану пунктінің ғимараты қайтадан жақсартылып, ол жол пайдалану учаскесі қызметін атқаратын

ел экономикасының, соның ішінде облыстың дамуына айтарлықтай үлес қосуда. Осы орайда айта кетейік, мегажобаның басталуымен Жаңақорған және Шиелі аудандарында қиыршық тас шығаратын зауыттар мен Қызылорда қаласында битум зауыты салынып, пайдалануға берілді. Қазіргі кезде осы зауыттардан шығарылған құрылыс материалдары әлемдік стандарттар сапасына сай келуімен ерекшелініп отыр.

Негізі “Батыс Еуропа – Батыс Қытай” халықаралық транзиттік дәлізінің құрылысы жұмыс жоспарына сай жүргізіліп келеді. Алдағы уақытта Қызылорда қаласынан бастап Оңтүстік Қазақстан облысының шекарасына дейінгі ұзындығы 246 шақырымды құрайтын автомобиль жолы ақылы жолдардың санатына кіреді. Жолдың екі жағы тор сеткалармен қоршалып, жол қозғалысының қауіпсіздігі қамтамасыз етіледі. Аталған жолда бес спутниктік өлшем құралдары орнатылып, жолдағы кез келген көлік құралдарының жүру жылдамдығы мен жүк салмағының мөлшерлерін қадағалап отыруды жүзеге асырады. Өз кезегінде бұл жолдағы жүргізушілердің жауапкершілігі мен жол қозғалысының ережелерін сақтаудағы міндеттерін арттыруға негіз болады. Аталған бұл жұмыстар Халықаралық қайта құру және даму банкінің өкілдерімен де жиі тексеріледі. Сонымен қатар жол құрылысын бақылайтын облыстық филиал республикалық маңызы бар автомобиль жолдарында жол-көлік



жұмыстарды жүргізуді қолға алды. Соның баыстысы, “Батыс Еуропа – Батыс Қытай” көлік дәлізі бойында орналасатын жол бойында сервистік нысандар салу мәселелері бойынша жұмысшы тобы құрылды. Орайы келгенде айта кету керек, сервистік қызмет көрсету барысын жандандыру мақсатында облыстық сәулет және қала құрылысы басқармасы тиісті техникалық тапсырмаларға сәйкес эскиздік жобаларды әзірлеп, олардың бірқатары облыстық сәулет және қала құрылысы кеңесінде мақұлданды. Соның ішінде қазіргі күні “Ба-

тыс Еуропа – Батыс Қытай” халықаралық көлік дәлізі жобасының құрамына кіретін “Самара-Шымкент” автожолының бойынан алдағы уақытта жүргіншілерге қызмет көрсететін А, В, С санатындағы 33 сервистік нысандар салынатын болады. Бүгінгің өзінде осы мақсатта, яғни қызмет көрсету нысандарын салуға 35 кәсіпкер мен серіктестік өз ұсыныстарын жасап та қойған. Айта кету керек, осы келіп түскен 35 ұсыныстың 20-сы сәулет және қала құрылысы кеңесінің қарауына жолданып, онда 12 жоба мақұлданды. Ал қалған жобалар министрлік бекіткен техникалық тапсырмаға және “ҚазАвтоЖол” ұлттық компаниясы акционерлік қоғамының техникалық шарттарына сәйкес толықтырылу үстінде. Сонымен қатар қазіргі күні қала және аудандар өкімшілігі жанынан құрылған комиссия “ҚазАвтоЖол” ҰҚ АҚ Қызылорда облыстық филиалымен бірлесіп сервистік нысандарды орналастыратын жер учаскелерінің орнын анықтау үстінде.

Бүгіннің өзінде Ұлы жолдың бойында сервистік қызмет көрсететін үш нысан пайдалануға берілді. Соның бірі Шиелі ауданы мен Сығанақ шаһары маңында 70 адамға арналған кафе, 20 адамдық қонақ үй, 4 көлікке арналған бокс, автотұрақ және қалаға саяхат жасау үшін 10 мініс атқа арналған атқора, су ұңғымасы және бағы бар “Сығанақ” сервистік кешені жұмыс жасап тұр. Енді осы кешен жанынан май құю бекетін салу жолдары қарастырылуда. Сондай-ақ, дәліздің 1624 шақырымында Қорқыт ата мемориалдық кешенінің жанынан “Дорстрой” жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің “Қорқыт ата” мінежат ету орталығы” жобасының құрылысы да аяқталды. Бұл кешенде 20 орындық қонақүй, 60 адамға арналған мешіт, 150 орындық ас беретін орын, дүкен мен шеберхана, киіз үй қалашығы, техникалық қызмет көрсету орталығы орналасқан.

Сонымен қатар халықаралық жолдың 1999 шақырымында Жаңақорған және Шиелі кенттері қиылысатын жерде “Нұрлы құрылыс Қазақ елі” ЖШС он гектар жерді заңдастырып, жоба әзірледі. Ал жолдың 2044 шақырымындағы Жаңақорған ауданы Бесарық ауылдық округінің маңайында жеке кәсіпкер май құю стансасы мен дәмхана және дөңгелек жөндеу шеберханасын салды. Айта кету керек, көлік дәлізі бойында туристік-сервистік орталық салуға аталған мекемелермен қатар “Қазмұнайгазөнімдері” АҚ өкілдері де облыс аумағында алдын ала маркетингтік зерттеу жұмыстарын жүргізді. Сөйтіп, бүгінде Арал қаласы мен Төретам кентінен, Қызылорда қаласының “Наурыз” шағын ауданынан, Шиелі және Жаңақорған аудандарында май құю бекеттерін салу да жоспарланып отыр. Қалай айтқанда да, құрылысы аяқталып қалған халықаралық автожол бойынан облыс кәсіпкерлері түрлі сервистік қызмет көрсету орталықтарын салу мақсатында жобаларын жасап та қойған. Енді сол жобаларды олар алдағы күндерден бастап нақты іске асыра бастайды деп күтілуде.

Сонымен, “Батыс Еуропа – Батыс Қытай” халықаралық транзиттік дәлізінің құрылысы



Елбасы 2012 жылғы 27 қаңтардағы Жолдауында жергілікті басқаруды дамыту, жергілікті дамудың барлық мәселелерін шешуде азаматтардың қатысуын кеңейту маңыздылығын атап өтті. Осыған сәйкес, Қазақстан Республикасы Президентінің 2012 жылғы 28 қарашасындағы №438 Жарлығымен Қазақстан Республикасында жергілікті басқаруды дамыту Тұжырымдамасы бекітілді. Онда жергілікті басқару жүйесін қалыптастыру екі кезеңде қаралған. Бірінші кезеңде (2013-2014 жылдар) басқарудың төменгі деңгейінде қолданыстағы жүйе потенциалын кеңейту бойынша шаралар және басқару механизмін практикалық өңдеу және қаржыландыру жүзеге асырылған. Бұл алдағы уақытта жергілікті басқаруды дамытуда базалық алғышарт болып табылады. Екінші кезеңде (2015-2020 жылдар) жергілікті мемлекеттік басқару жүйесіне шек қою мәселесі қаралған, бюджетті қалыптастыру және басқару органдарының меншігі мәселелері, сонымен бірге ауылдық округ деңгейінде әкімшілік-аумақтық бірлікті оңтайландыру қаралған.

ЖЕРГІЛІКТІ БАСҚАРУДЫ ДАМУЫНДЫҢ БАРЫСЫ

екінші кезеңі басталады

Жүргізіліп жатқан әкімшілік реформа нәтижесінде мемлекеттік басқаруды орталықсыздандыру және деңгейлер арасындағы өкілеттіктердің аражігін ажырату бойынша шаралар жүзеге асырылды. Қазіргі таңда ауылдық округ әкімдерінің ролін әрі қарай күшейту, реформа жүргізу барысында мемлекеттік басқаруды орталықтан төменгі деңгейге беру басымды бағыт болып отыр. Ауыл әкімдеріне дербестік бере отырып, бірінші кезекте мемлекет елді мекендердің аумақтық дамыту мәселесін шешуде басшылардың жауапкершілігін күшейтеді.

Ауыл әкімдері мемлекеттік функцияларды орындағанда халықпен тығыз байланыста болуы қажет. Еңбек және материалдық ресурстарды тиімді пайдалануды және ең бастысы бюджет қаражаттарын пайдалануда анықтылықты қамтамасыз ету талап етіледі. Жалпы экономиканы дамытудағы ауылдық округ әкімдерінің дербестігі, олардың ролі, бюджет заңнамаларында және Қазақстан Республикасының басқа да нормативтік-сұхқытық актілерде өз көрінісін тапты. Жергілікті мемлекеттік басқаруды дамыту және өзін-өзі басқару шегінде 2013 жылдан бастап ауыл әкімдеріне бірқатар қосымша

маңызды функциялар берілді. Қазіргі таңда, ауыл әкімдеріне жүктелген 67 функцияны іске асыру мақсатында 17 бағыт қызмет етеді. Үстіміздегі жылдың мамыр айында жергілікті басқару және өзін-өзі басқару заңын іске асыру мақсатында жұмыс тобы құрылды.

Жұмыс тобының негізгі мақсаты – ауылдық округ әкімдеріне мемлекеттік басқару деңгейі арасындағы өкілеттіктерді беру бойынша әдістемелік жұмыс жасау, сонымен бірге қолма-қол бақылау шоттары енгізуді қамтамасыз ету. Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің басқаруына берілетін аудандық коммуналдық мүлікті беру жұмыстарын, қоғамдық жұмыстарды ұйымдастыру және қаржыландыруды ауылдық округтеріне өткізу, қарттар мен мүгедектерге үйде әлеуметтік қызмет көрсетуді ауыл әкімдерінің құзыретіне беру туралы түсіндірме жұмыстары жүргізілді. Аудандар және Қызылорда қаласы әкімдеріне «Жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару» Заңын іске асыру бойынша ұсынылатын қадамдық іс-шаралар жоспары жолданды. Ең маңызды бағыттардың бірі – жергілікті атқарушы органдардың қолма-қол бақылау шоттарына түскен қаржылар бойынша жұмыстарды жүзеге асыру және

қызметтердің аудандық деңгейден ауылдық және кенттік деңгейіне беру.

Жергілікті өзін-өзі басқарудың қолма-қол бақылау шоттары барлық 146 ауылдық әкімдіктерде, оның ішінде 132 ауылдық округ, 12 кент, 2 аудандық маңызы бар қала. Барлық шығыстарды аудандық деңгейден ауылдыққа беру бойынша жұмыстар аудандар және Қызылорда қаласында аяқталды.

2015 жылдан бастап жергілікті басқаруды дамытудың екінші кезеңі (2015-2020 жылдар) бойынша жұмыстар басталады. Жергілікті басқару бюджетін және жергілікті басқару меншігін қалыптастыруға байланысты, жергілікті басқарудың өкілетті органын құру бойынша мәселелер талқыланатын болады.

Ж.БЕКЖАНОВА,
облыстық экономика және бюджеттік жоспарлау басқармасының бюджетті саясат және жоспарлау бөлімінің басшысы.

АЙМАҚ ДАМУЫ – 2020

Қазақстанда, оның ішінде Сыр өңірінде экспорт үлесі, әлбетте мұнай мен газға және басқа да шикізат өнімдерін өндірумен байланысты. Жалпы экспорт үлесінде Қазақстандағы жылу-энергетикалық тауарлардыңүлесіөткенжыл қорытындысы бойынша 75 пайызды құрайды.

Осының барлығы Қазақстан, оның ішінде Сыр өңірі үшін шикізат ресурстарын өндіру мен өңдеудің қаншалықты маңызды екенін айғақтайды. Бұл, сайып келгенде, біздің болашағымыздың даму көкжиегін, іс-қимыл жоспарымыздың бағыт-бағдарын айқындайды. Ал оның негізгі аймақ басшысының 2020 жылға дейінгі стратегиялық жоспарында көрініс беріп отыруы негізсіз емес.

Өткен жылы Елбасы Сыр өңіріне жұмыс сапарымен келгенде, біздің жайбасарлығымызды емеурінмен білдірді. Өңір бюджетінің 15-18 пайызы ғана өзіміздің несібеміз екенін ескерсек, біз үшін бұл емеуріннің астарынан атқарылатын шаруаның шаш етектен екені аңғарылады.

Аймақ басшысы соңғы уақытта осынау бүгінгі күннің өзекті мәселесіне барынша назар аудара бастады. Сараптау көрсеткеніндей, жалпы өнеркәсіп өніміндегі өңдеу өнеркәсібінің үлесі 2010-2012 жылдары облыста тиісінше 4,5, 4,0, 4,3 пайызды құрады. Демек, облыста өңдеу өнеркәсібін жаңа бағытта дамыту бойынша үлкен шаруалар өз кезегін күтіп тұр.

Өткен жылдың статистика деректері көңілге сенім ұялатады. 2013 жылы 2012 жылмен салыстырғанда облыста өңдеу өнеркәсібінің өсімі 19,3 пайызды құрады. Статистикада бірінші рет өңдеу өнеркәсібіндегі жан басына шаққандағы өнім көлемі көрініс тапты. Сөйтіп, облыста өңдеу өнеркәсібіндегі еңбек өнімділігі жан басына шаққанда 15,2 мың АҚШ долларын құрады. 2012 жылмен салыстырғанда 90,6 пайыз өсімге қол жеткізілді. Бұл республикадағы бірінші көрсеткіш. Талдау көрсеткеніндей, өңдеу өнеркәсібіндегі өсім газ, күкірт қышқылы өндірісіндегі серпінді жобалардың жемісі болып табылады, демек, облыс басшысы экономиканың дамуына үдемелі қарқын қоса алатын буын-

ал бұл салада бізде кезегін күткен түйіндер көп екені айқын сезіле бастады.

Өңірлердің дамуы Қазақстанның болашақта өркендеуінің негізгі тұпқазығы, бұл Елбасының алға қойып отырған келелі міндеттерінің бірі. Ал, кешегі аграрлық сипатта өркендеп, өндірісі кенжелеп қалған Сыр өңірі таяу болашақта Қазақстанның қуатты, экономикасы қарыштап дамыған өлкесіне айналуы үшін жоғарыда айтқан салаларға үміт арта алады.

Өзірге облыс Қазақстан бойынша дамудың барлық көрсеткіштері жөнінен орташа деңгейден төмен дамып келеді. Атап айтқанда, жан басына шаққандағы ішкі аймақтық өнім Қазақстанның орта-

айларындағы көрсеткіштерге тоқталайық. 2013 жылдың тиісті кезеңімен салыстырғанда өнеркәсіп өнімінің нақты көлемі біршама төмендеді. Бірақ, облыстың кейбір өңірлерінде өндіріс көлемінің өсуі тіркелді. Өңдеу өнеркәсібінде өнім көлемі салыстырмалы кезеңде 0,7 пайызға өссе, оның ішінде тамақ өнімдерін өндіру 5,7 пайызға артты. Атап айтқанда, ет, балық, сүт, нан, күріш өнімдерінің өсімі біршама қарқын алып келеді. Облыста өңдеу өнеркәсібіне жататын жиһаз, резеңке және пластмасса бұйымдарын шығаруда оң өзгерістер бар. Жаңадан резеңке бұйымдарын шығаратын «Қазкаучук» ЖШС іске қосылды. «Азова-

сей ғылыми-зерттеу институтының өкілдерімен кездесуі алдағы уақытта түйінді мәселелерді оңтайлы шешеді деп ойлаймыз.

Қазіргі таңда Елбасының тапсырмасына сәйкес, геологиялық барлау Қазақстан дамуының басымдықтарының біріне айналды. Ал Сыр өңірі үшін бұл өте маңызды, себебі алдағы жылдары өңдеу секторының жоғары қарқынмен дамуының өзі мұнай-газ саласындағы өндіріс көлемі төмендеуінің орнын баса алмайды.

Еліміздің минералдық-шикізат базасын жаңғырту үшін барлау аймағын кеңейту қажеттігі туындайды. Яғни, барлығы озық жаңа геологиялық және геофизикалық әдістерді қолдануға, геологиялық барлау көлемдерін ұлғайтуға тіреліп тұр.

Алайда, жер қойнауын алдын ала геологиялық зерттеудің төмен деңгейі, геологиялық инфрақұрылымның әлсіздігі, сертификацталған зертханалардың жоқтығы, қолданбалы ғылым деңгейінің төмендеуі және кәсіби кадрлардың жетіспеушілігі мұнай және газ саласын өрі қарай дамытудың басты кедергілері болып табылады.



Осы орайда облыс әкімі өңірге келген республиканың салалық министрлік басшыларына Оңтүстік Торғай, Шу-Сарысу және Сырдария шөкпе бассейндерін бірлесіп зерттеуіміз қажеттігін мәлімдеді. Мұнда көмірсутегінің қомақты қорларын анықтау болжанып отыр. Аймақ басшысы бұл мәселелерді тек мемлекеттік органдар мен мемлекеттік бюджет арқылы шеше алмайтынымызды айтып, геологиялық барлауда мемлекеттік-жекеменшік өріптестік ұстанымдарын кең пайдалану керектігін мәлімдеді. Неге? Жер қойнауын зерттеу, ондағы қорлардың қаншалықты пайда әкелетінін болжап білу тәуекелі көп шаруа. Ал ықтимал инвесторлар әдетте мұндай тәуекелге бара бермейді.

Елбасының тапсырмасына сәйкес, республикамыздың оңтүстік өңірлерін газбен қамтамасыз етуге бағытталған «Бейнеу-Бозой-Шымкент» газ құбырын салу жобасы жүзеге асырылуда. Осы магистральды газ құбыры құрылысының бірінші кезеңі аяқталуына орай, Қызылорда облысында елді мекендерді газдандыру бойынша дайындық іс-шаралары жүргізілуде. Екі жыл ішінде облыс тұрғындарының 70 пайызын қамтитын 21 елді мекен кезең-

кезеңмен газдандырылады деп жоспарлануда.

Осының барлығы, сайып келгенде, өңдеу өнеркәсібінің өркен жаюына сүбелі үлес қосады. Егер облыстың келешегі тау-кен өндірісінің дамуымен сабақтас болса, онда аймақта кешенді жобаларды тиянақты түрде қолға алу қажеттігі туындап отыр.

Аудандар бюджетінің 80 пайызға жуығы жоғары бюджеттердің қаржысынан құралып отырғаны әлеуметтік-экономикалық даму деңгейінен айқын көрініс береді. Бірақ облыста жоғарының көмегін азайту бағытында алғашқы қадамдар жасалып жатыр. Үстіміздегі жылы облыс өз кірісін 12 млрд. теңгеге өсірді.

Сонымен бірге өңірде экономиканың басты салалары – мұнай, газ, уран, ас тұзы және басқа да шикізат өнімдерін өндіру көлемі төмендемей, керісінше, өсіп отыруы маңызды шарт болып табылады. Бұл облыс әкімінің принципті ұстанымы, экономиканы қосылған құны жоғары өніммен қамтымай аймақ серпінді дами алмайды.

Жалпы, Қызылорда облысы – өзінің экономикалық дамуы ерекшелігіне қарай



дарды дәл айқындады. Ал сырқаттың диагнозы дәл анықталса, бұл сырқаттан айығудың басты жолы емес пе?

Қазірдің өзінде өңдеу өнеркәсібіндегі онды қадамдардың жалпы алғанда мұнай мен газды ұқсату арқылы жасалатынын,

леум» АҚ бойынша ғана өндіру көлемінің төмендеуі 450 мың тоннаны құрады. Осыған қарамастан, облыс мұнайшылары өндіру көлемінің 250 мың тоннаға дейін төмендеу орнын толтыра алды.

Енді 2014 жылғы қаңтар-қыркүйек

ралагромаш» ЖШС ауыл шаруашылығы техникалығын шығаруда. Сонымен бірге облыста химиялық өнеркәсіп өнімдерін өндіру саласы жолға қойылып келеді. Осы сала бойынша «СКЗ-У» ЖШСкүкірт қышқылын шығарса, «ШНС» ЖШС биоотын, «Байкен-У» уран өңдеумен айналысуда.

Аймақтың негізгі кен орындарында өндіру көлемінің күрт төмендеуіне қарамастан, өнім өндірісінің көлемі 2012 жылмен салыстырғанда 100,1 пайызды құрады. Осы көрсеткішке өңдеу өнеркәсібінің жоғары өсу қарқыны арқасында қол жеткізілгенін атап өту маңызды. Өңдеу өнеркәсібінің Республика бойынша орташа өсу қарқыны 1,6 пайыз болса, Қызылорда облысында ол 19,3 пайызды құрады.

Аймақ басшысы мұнай өндірудің алдағы 5 жылға арналған болжам межелеріне талдау жасап, оның жыл сайын 5-6 пайызға төмендейтініне алаңдаушылық білдіріп отыр. "Мұнай өндіру коэффициентінің орташа көрсеткіші 20-60 пайызды құрайтын болады. Бұл көрсеткіштер бізді қанағаттандырмайды. Сондықтан кен орындарындағы мұнай өндіру көлемін инновациялық әдістерді енгізу арқылы арттыру өзекті мәселе болып табылады", – деді ол Мұнай-газ министрімен кездесуде. Шындығында алаңдайтын мәселе, қалай айтқанда да, шұғыл шаралар кешенін қабылдамаса болмайды.

Облыс басшысының атап өткеніндей, қазір бірінші және екінші мұнай қайтарымын арттыру тәсілдерінің орнын үшінші тәсіл басуда. Мұндай тәсілдерге, әдетте, ең алдымен жылу, газ, химия және микробиологиялық технологиялар секілді жаңа технологиялар жатқызылады.

Мысалы, сарапшылардың бағалауынша, мұнай өндіру коэффициентін 0,1 пайыз арттыру аймақтағы мұнай қорларын 30 млн. тоннаға ұлғайтуға мүмкіндік береді. Бұл аймағымыздың 3 жылдық мұнай өндіру көлеміне тең. Өрине, осының барлығы айтуға оңай шаруалар қатарына жатады. Аймақ мұнайшыларының өртүрлі инвестициялық форумдар арқылы Ре-

«БИЗНЕСТІҢ ЖОЛ КАРТАСЫ–2020»

Облыс орталығындағы «Даму» кәсіпкерлерге қызмет көрсету орталығы» АҚ облыстық филиалы аймағымыздағы кәсіпкерлерге «Бизнестің жол картасы-2020» бағдарламасы шеңберінде мемлекеттік қолдау танытып келе жатқан бірегей ұйым. Еліміз бойынша 2010 жылы басталған «Бизнестің жол картасы-2020» бағдарламасының бірегей операторы және қаржы агенті болып табылатын «Даму» кәсіпкерлікті қолдау қоры» филиалы аталған кешенді бағдарламаның шеңберінде ілкімді істер атқаруда. Мәселен, жуырда облыс орталығына осы бағдарламаның «Аға сеньорлар» компоненті аясында Канададан сарапшылар келді.



ШЕТЕЛДІК САРАПШЫЛАР ТӘЖІРИБЕЛЕРІМЕН БӨЛІСТІ

Халықаралық дәрежедегі эксперт Гарт Хендрен қаламыздағы «Томирис жүрегі» балабақшасында болып, мұндағы қызметкерлермен 14 күн бойы өз тәжірибесімен бөлісті. Шетелдік тәжірибелі маманның эксперттік міндетіне бала тәрбиелеушілерге арналған жаңа оқу бағдарламаларын жасау және ағылдағы оқу процесін қайта құрастыру жоспары тұрған-ды. Сонымен қатар эксперт тәрбиелеушілерге бағдарламалық жаңа модульдерін қарастырып, сыныпты басқарудың жаңаша қайта құрылған тәсілдерін үйретті.

Эксперттік міндеті барысында Гарт Хендрен мырза мұғалімдерді басқарудың бірқатар амалдарын қолданумен қатар, біліктілікті арттыруға арналған тренинг семинарлар ұйымдастырды.

Бүгінде Қызылордадағы ең таңдаулы балабақшалардың біріне айналған балабақшаны ашқан кәсіпкер Айкенже Мұханова «Бизнестің жол картасы-2020» бағдарламасының қатысушысы. Айта кетейік, кәсіпкер «Даму» қорымен өткен жылдан бері бірлесіп жұмыс жасап келеді. Осы уақыт аралығында ол «Іскерлік байланыстар», «Бизнес-Кенесші-2» сияқты бағдарламаның жобаларына қатысып, бөлшек кепілдендіру бағдарламасы мен пайыздық үстемені субсидиялау жобаларының игілігін көріп отыр.

– Айта кетейік, «Бизнестің жол картасы-2020» мемлекеттік бағдарламасының мақсаты – біз секілді кәсіпкерлерге, әсіресе шағын және орта кәсіпорындарға көмек көрсету, олардың өз бизнесін дамытуына жағдай жасау болып табылады. Сондықтан да бұл бағдарламға қатысқандардың ұтары мол, - дейді кәсіпкер Айкенже Мұханова.

Канада мемлекетінен облысымызға келген тағы бір білікті эксперт Сьюзан Ветмор облыс орталығындағы «Шанырақ» кешенінде болып, тәжірибесімен бөлісті. Сьюзан Ветмор – төрткүл әлемнің 80 елінде болып, сол елдердегі қонақ үй бизнесін

дамытуға өз үлесін қосқан білікті маман. Ол әлемге әйгілі «Hilton» мен «Best Western Lamplighter Inn» қонақ үйлерінде басшылық қызметте болып, бизнестің бәсекелестік ортада дамуына ықпалын тигізген маман.

Жергілікті компанияның директоры Алтын Оңғарбаеваның айтуынша, канадалық эксперт оның бизнесін жаңа деңгейге көтеруге көмектескен.

– Бизнесті бастап, отбасылық кәсіп жасағанымызға біраз жылдың жүзі болды. Алайда қонақ үй саласындағы тәжірибеміз аз. Сондықтан қаладағы басқа да кешендермен бәсекелесе алу үшін эксперт қажет болды. Осы орайда, Сьюзан Ветмор мырзадан менеджмент саласы және басқарушылық пен қызмет көрсету бойынша өзімізге қажетті аса пайдалы кеңестер алдым деп айта аламын. Танымал эксперттің әлемнің түрлі қонақ үйлеріндегі тәжірибесі біздің кешенімізге жайлылық пен үйлесімділік әкелді. Алғашқы күннен-ақ ол біздің қонақ үйдің ішкі дизайнын қолға алып, техникалық қызметкерлерге арнап түрлі тренингтер өткізді. Сонымен қатар олардың жұмыс істеуіне қауіпсіз әрі жайлы жағдай жасалды. Бізді таңғалдырғаны, оның қонақ үйдегі әрбір минутын пайдалы өткізуге талпынып, барлық процестерге, оның ішінде асхана мен кір жуатын бөлменің де қызметіне араласқаны. Осылайша, ол өте қайратты, жайдары әрі сөйлескен жанмен тез тіл табысатын тәжірибелі маман екенін дәлелдеді, - дейді компания басшысы.

«Аға сеньорлар» компоненті «Бизнестің жол картасы-2020» бағдарламасындағы кәсіпкерлік әлеуетті арттыруға арналған төртінші бағыты бойынша жүзеге асырылып отыр. Бұл бағыт бойынша жергілікті кәсіпкерлер өз бизнесін халықаралық талаптарға сәйкестендіру үшін «Аға сеньорлардың» қызметіне жүгінеді және олардың қызметтік тәжірибелерін өз бизнестерін жаңа бағытта дамыту жолында тиімді пайдаланады.

Дәуіржан ЕЛУБАЕВ.

Елбасының тапсырмасына орай елімізде ата кәсібіміз – мал шаруашылығын өркендетуге барынша жағдай жасалуда. Өзге аймақтарға қарағанда ертеден-ақ аграрлық салаға арқа сүйеген Сыр өлінде бұл бағытта баянды тірліктер жүзеге асып жатыр. “Сыбаға” бағдарламасы негізінде соңғы жылдары аймақта төрт түлік мал басы молайып, олардан алынатын өнім көлемі көбейтіліп қана қоймай, оны өңдеу де қолға алына бастады.

Облыстық ауыл шаруашылығы басқармасынан алған нақты деректерге жүгінер болсақ, бүгінде аймақта 259,4

мың бас мүйізді ірі қара, 591,5 мың бас қой мен ешкі, 84,3 мың бас жылқы, 35,4 мың бас түйе малы мен 93,4 мың бас құс есірілуде. Егер өткен жылдың осы кезеңімен салыстырар болсақ, мүйізді ірі қара басы 5,1 пайызға, жылқы 9,5

“СЫБАҒАНЫҢ” СЫРДАҒЫ НӘТИЖЕСІ

пайызға, түйе саны 3,5 пайызға көбейген. Сондай-ақ, өткен жылмен салыстырғанда ет өндіру 2,3 пайызға, ал сүт өндіру 4,0

пайызға артып отыр. Ағымдағы жылы мал шаруашылығын қолдауға республикалық бюджеттен 950 млн. теңге қаржы қаралып, бұл қаржы жоспарға сәйкес игеріліп, мал шаруашылығымен айналысатын 283 шаруашылық субсидия алған.

“Сыбаға” бағдарламасы негізінде “Ірі қара мал етінің экспорттық әлеуетін дамыту” жобасына сәйкес облыс бойынша 2011-2015 жылдар аралығында фермерлік шаруашылықтар ұйымдастыруға 8,7 мың бас мүйізді ірі қара сатып алу мен 5 мың бастық мал бордақылау алаңын салу жоспарланған болатын. Бүгінге дейін аталған жобаның аясында “ҚазАгроҰБХ” акционерлік қоғамынан 214 шаруа қожалығы 1667 млн. теңге несие алып, 9529 бас сиыр мен 510 бас ет бағытындағы асыл тұқымды бұқа сатып алып, бар-жоғы төрт жылдың ішінде бес жылдық жоспарды 136,1 пайызға орындаған. Сондай-ақ, “Сыбаға” бағдарламасы негізінде бүгінгі күнге дейін 4943 бас төл алынып, мүйізді ірі қара мал басы күрт көбейе бастаған. Айтқандай, жоба аясында мал сатып алу бойынша Қызылорда облысы республика деңгейінде көш басында келеді. Мүйізді ірі қара мал басын көбейтуде Қазалы, Арал, Жаңақорған, Сырдария аудандары алдыңғы қатарда тұр. Сонымен бірге бұл аудандарда

мал шаруашылығымен айналысатын шаруашылықтардың да қатары жыл санап көбейіп келеді екен. Қараңыз, биылғы жылы бір шаруа қожалығы “ҚазАгроӨнім” акционерлік қоғамымен еншілес “KazMeat” жауапкершілігі шектеулі серіктестігінен ет бағытындағы мал шаруашылығын ұйымдастыру мақсатында 37 млн. теңге несие алып, 210 бас мүйізді ірі қара мен 7 бас ет бағытындағы асыл тұқымды бұқа сатып алды. Ал, тағы бір шаруа қожалығы репродуктор шаруашылық ұйымдастыру мақсатында ет бағытындағы асыл тұқымды “Қазақтың ақ бас” сиырының 160 бас қашары мен 20 бас бұқасын өз қаржысы есебінен сатып алған. Жобаға сәйкес мал тұқымын түрлендіруге қатысып жүрген шаруашылықтардың аналық сиырларды асыл тұқымды бұқамен қамтамасыз етуі бойынша республиканың орта көрсеткіші 93 пайызды құрап отырса, облыстың орта көрсеткіші 97 пайыз. Жоба басталғалы аймақ бойынша қуаттылығы 1650 басты құрайтын 18 мал бордақылау алаңы есепке алынып, жұмыс жасап жатыр. Сондай-ақ, “Жирен” шаруа қожалығы 500, “Алиак-Бар Ата Агро” шаруа қожалығы 150 бастық, ал “Шағырай” шаруа қожалығы 100 бастық мал бордақылау алаңдарын өз қаржысы есептерінен салдырған.

Сыр аймағында ата кәсібіміз – мал шаруашылығын өркен жайдыруға баса назар аударыпуда. Өйткені, “Сыбаға” бағдарламасының ел-халыққа берер сыбағасы мол болмақ.

Еркін АҚҚАЛИҰЛЫ.



Биыл Қармақшы ауданы үшін әлеуметтік, инфрақұрылымдық және экономикалық мәселелерді шешуде табысты жыл болды. Осы ретте киелі мекеннің бүгінгі тыныс-тіршілігі, кәсібі мен нәсібі, әл-ауқаты тұрасында сөз етуді жөн санап отырмыз.

ҚАРМАҚШЫ ҚАНАТЫН КЕҢГЕ ЖАЙДЫ

Аудан экономикасының негізгі саласы ауыл шаруашылығы болып табылады. Осы жылы барлығы 21403 гектар жерге егіс егіліп, оның 14321 гектарына күрші дақылы себілді. Өткен жылмен салыстырғанда жалпы егіс көлемі 701 гектарға, күрші көлемі 1145 гектарға артық егілді. Биыл ауылшаруашылық тауар өндірушілерге мемлекет тарапынан қолдау көрсетіліп, 675 млн. теңге көлемінде субсидия берілді. Мемлекеттік қолдау көлемі өткен жылмен салыстырғанда 48,3 пайызға немесе 220 миллионға артып отыр. Бұл – агросекторды нығайтуға, өңірлерді өркендетуге мемлекет тарапынан көрсетіліп отырған көмек пен жәрдемің жылма-жыл жақсаруының белгісі.

Биылғы жылы 13143 гектар күріштің әр гектарынан 53 центнерден алынып, қамбаға 69658 тонна Сыр маржаны құйылды. Мақсарының өнімі де ойдағыдай, әр гектарынан 6 центнерден айналды. Көкөніс әр гектарынан 170,4 центнер (8639 т), бақша 196 центнер (13779 т), картоптан 156 центнерден (16890 т) өнім алынды. Бұған қоса, барлығы 46500 тонна мал азығы дайындалды. Ауыл шаруашылығы өнімдерінің жалпы көлемі 4780,6 млн. теңге болып, өткен жылдың тиісті кезеңімен салыстырғанда 4,8 пайызға өсті.

Айта кетейік, Қызылорда облысы биыл “Сыбаға” бағдарламасы бойынша республикада алдыңғы орынға шығып, тапсырманы артығымен орындады. Мұнда ауданның қосқан үлесі де бар. Бағдарлама аясында 250 бас сиыр сатып алып, тұқымдық түрлендіруге қатыстыру жоспарланған болатын. Бүгінгі күнге 4 шаруа қожалығы «Аграрлық несие корпорациясы» акционерлік қоғамының облыстық филиалынан 38 млн. теңге несие алып, оған 206 бас аналық, 11 бас асыл тұқымды бұқа сатып алды. Сонымен қатар, бір шаруа қожалығы «Аграрлық несие корпорациясы» АҚ филиалына құжаттарын өткізіп, 59 бас аналық, 3 бас асыл тұқымды бұқа алуды межелеп отыр. Қазіргі таңда 5 шаруашылық субъектісі 123 бас аналық, 8 бас асыл тұқымды бұқа алу мақсатында несие алуға «Қорқыт елі» серіктестігімен жұмыс жасауда. Жергілікті мал тұқымын асылдандырудың өнімділігі мен сапасын жақсартуға байланысты «Қазаргопаркентінің» акционерлік қоғамының Ақпараттық талдау жүйесіне 15 шаруашылық енгізілді.

Ал, елімізде биыл басталған «Құлан», «Алтын асық», «Ырыс» бағдарламалары аясында Қармақшы аудылдық округі бойынша 1 шаруа қожалығы, Жосалы кентінен 2 кәсіпкер, Ақтөбе ауылынан 1 кәсіпкер 120 бас бие алу мақсатында кепілдік құжаттарын дайындап, жұмыстар жүргізуде. Қой шаруашылығын дамыту мақсатында Ақжар ауылынан 1 азамат 250-300 бас, Жанажол ауылынан 1 азамат 40-50 бас қой алуға ниет білдіріп отыр. Сонымен қатар, отбасылық тауарлы сүт фермасын ұйымдастыруға байланысты аудан тұрғындары және кәсіпкерлер бағдарлама талаптарын түсіндіру жұмыстарын қолға

алды. Атқарылған жұмыстар нәтижесінде өткен жылдың осы кезеңімен салыстырғанда мүйізді ірі қара басы 8,3 пайызға, жылқы 14,8 пайызға, түйе басы 1,1 пайызға өсті. Есепті кезеңде 2403 тонна ет, 4223 тонна сүт, 542 мың дана жұмыртқа өнімдері өндірілді. Өткен жылдың тиісті кезеңімен салыстырғанда ет өнімі 100,1 пайызды құрады, сүт өнімі 6 пайызға артты.



Экономикалық өсім көрсеткіштері қаншалықты инвестиция тартылғанына тікелей байланысты. Аудан бойынша негізгі капиталға салынған инвестиция көлемі 19514,0 млн. теңге болып, өткен жылдың тиісті кезеңімен салыстырғанда 78,1 пайызды құрады. Негізгі инвестиция тарту көлемінің төмендеу себебі аудан аумағындағы бірқатар ірі жобалардың аяқталуына байланысты болып отыр. Ауданның өнеркәсіп кәсіпорындары 1916,0 млн. теңгенің өнімін өндіріп, өткен жылдың есепті мерзімімен салыстырғанда бұл көрсеткіш 46,6 пайызды құрады.

Оның ішінде кен өндіру өнеркәсібі 17,1 пайызға, өңдеу өнеркәсібі өткен жылдың тиісті кезеңімен салыстырғанда 61,3 пайызға төмендеп кеткен. Басты себебі аудан аумағындағы бірқатар ірі жобалардың “Батыс Еуропа-Батыс Қытай” халықаралық автодәлізі аяқталуына байланысты өнімге сұраныс азайған. Сонымен қатар машина жасау саласы бойынша «ППС Ойл трейд» ЖШС вагон жуу тапсырысы азайған. Қармақшы ауданы, Жосалы кенті аумағына салынатын LNG зауыты салыну үшін бірінші кезекте электр қуаты, су, автожол және темір жол түйісі болу қажет. Зауыттың негізгі газ алу көзі «ПетроКазакстан Құмкөл Ресорсиз» АҚ-ның «Арысқұм» кен орны болып табылады. 2015 жылдың ортасына қарай «ПетроКазакстан Құмкөл Ресорсиз» АҚ аталған іріліс газ қондырғы құрылысын аяқтауды жоспарлап отыр. Сонымен қатар, сол жылы «ҚазТрансГаз» АҚ-ның ұзындығы 110 км, диаметрі 325 мм -ді құрайтын «Арысқұм Жосалы» газ құбырының құрылысын аяқтау болжанауда. Жосалы кенті арқылы «Бейнеу-Бозой-Шымкент» магистральдық газ құбыры өтуде. 2015 жылы кенейтудің екінші кезеңі

жүзеге асырғаннан кейінгі оның жылдық өткізу қуаттылығы 10 млрд. текше метрді құрайтын болады. Қазіргі таңда Қармақшы ауданында кәсібін ашып, оны дамытып отырған тұрғындардың қатары артты. Биылғы есеп бойынша ауданда 2257 кәсіпкерлік субъектісі бар. Оның 103-і заңды тұлға, 2023-і жеке кәсіпкер, 131-і шаруа қожалығы. Ал 5495 адам жұмыспен қамтылды. Былтыр 1992 кәсіпкерлік субъектісінде 4830 адам жұмыс істеген еді. Яғни, салыстырмалы түрде алға жылжу бар. 2013 жылдың 10 айында 365,5 миллион теңгенің өнімі өндіріліп, қызметі көрсетілсе, биылғы жылы 399,0 миллион теңге болып өсім көлемі 109,1 пайызды құрады. Аудан бойынша 2014 жылдың 10 айында өнеркәсіп өндірісінің көлемі 2005,4 миллион теңгені құрап, өткен жылдың есепті кезеңімен салыстырғанда ол 45,4 пайыз болды.

Қармақшы жері ғарыш айлағы мен «Қорқыт ата» кешені орналасқандықтан туризм саласына аса қолайлы. Шетелдік туристердің дені осы екі нысанға ат басын бұрмай кетпейді. Бұл туризм саласы алдағы уақытта аудан бюджетіне де қомақты кіріс кіргізеді деген сөз...

Ауданда бұл бағыттағы жұмыстар қарқынды жүргізіліп келеді. Туризмді дамыту бойынша «Дорстрой» серіктестігінің «Қорқыт ата зиярат етушілер орталығы» кешен құрылысы жобасы іске асырылды. Кешен құрылысы 2013 жылы аяқталып, пайдалануға 2014 жылы берілді. Жобаның жалпы құны 450 млн. теңгені құрайды. Қазіргі уақытта қонақүй, мейрамхана, асхана, намазхана, автотұрақ нысандары жұмыс жасауда.

Сонымен қатар, инвестиция және туристерді кең көлемде тарту мақсатында биылғы көктемде «Байқоныр» III инвестициялық форумы және ағымдағы жылдың 29 қазанында «Байқоныр» IV инвестициялық форумы «Қорқыт ата зиярат ету орталығы» кешенінде өткізілді. Аталған форумға Германия, Польша, Ресей, Түркия және басқа мемлекеттерден өкілдер қатысты.

«Қорқыт ата зиярат етушілер орталығы» кешенінің туризм саласы дамуына тіптізетін ол әсерін толық пайдалану үшін, «Қорқыт ата» ескерткіш мемориалын түріктілдес халықтарының ордасына және халықаралық туризм маршрутына енгізу бағытында жұмыстар атқарылып жатыр.

«Байқоныр» ғарыш айлағы Қызылорда облысының жалпы Қазақстан Республикасының имиджін қалыптастыратын ең танымал туристік нысан болып табылады. Ғарыш айлағынан ұшатын зымырандарды тамашалауға бүкіл әлемнен туристер келеді. Аталған нысанның туристік әлеуетін дамыту мақсатында Үкімет тарапынан «Ғарыш айлағы» жобасы дамындалып, жоба бойынша Байқоныр қаласында планетарий, ұшуды басқару мини-орталығы, әлемдік жоғарғы стандарттарға сәйкес қонақүй кешенінің құрылыстарын жүргізу жоспарланауда.

Осылайша «ЭКСПО-2017» бүкіләлемдік көрмесі нысандарының қатарына кірген ғарыш айлағы мен «Қорқыт ата» кешені өңірде туризмді дамытуға сеп болмақ.

Дәурен ОМАРОВ.

МӘСЕЛЕ

ҚАУІП ҚАЙДАН ДЕМЕҢІЗ...

Лаңкестік Қазақстанда бұрын-соңды ұлттық қауіпсіздікке нақты қауіп төндіретіндей дәрежеде бағаланған емес. Осыдан да еліміздің ұлттық қауіпсіздік жүйесі есірткі тасымалының жолын кесу, заңсыз миграция сияқты қауіп-қатерлерге төтеп беруге бейімделді. Терроризм проблемасы тек Орталық Азиядағы жалпы ахуал аясында қарастырылып келді. Қоғамдық пікірде де терроризм сыртқы қауіп-қатер ретінде қабылданды. Бірақ соңғы 4-5 жыл көлеміндегі оқиғалар ел табалдырығынан терроризмнің аттағанын аңғартып отыр.

ТҮЙІМ САЛЫНҒАН ҰЙЫМ

Дегенмен, осыған дейін де қауіпке қарсы тұрудың алғышарттары жасалған еді. Елде террористік және экстремистік іс-әрекеттерді анықтау және оның жолын кесу үшін заңнамалық және ұйымдастырушылық негіздерді жасау және жетілдіру жөнінде біраз жұмыстар атқарылды. 1999 жылғы шілдеде республикада терроризмге қарсы күрестің құқықтық және ұйымдастырушылық негіздерін, мемлекеттік органдардың және барлық мемлекеттік формаларындағы ұйымдардың қызмет тәртібін, сондай-ақ терроризмге қарсы күресті жүзеге асырумен байланысты азаматтардың құқықтарын, міндеттер мен кепілдіктерін айқындайтын «Терроризмге қарсы күрес туралы» заң қабылданды.

2003 жылғы желтоқсанда Президенттің Жарлығымен терроризмнің және діни экстремизмнің көріністерімен күресте барлық қауіпсіздік қорғау құрылымдарының неғұрлым тиімді жұмыс істеуі үшін Ұлттық қауіпсіздік комитетінің Терроризмге қарсы күрес орталығы құрылды және оған барлық арнайы құрылымдардың, құқық қорғау органдарының және өзге де ведомстволардың қызметін үйлестіру жүктелді.

Осыдан алты жыл бұрын қазанда ҚР Бас Прокурорының мәлімдемесі бойынша ҚР Жоғарғы Соты «Әл Қайда», «Шығыс Түркістан Ислам партиясы», «Мұсылман бауырлар», «Талибан қозғалысы», «Орталық Азия моджахеттер жамағаты» секілді халықаралық ұйымдарды террористік деп танып, олардың Қазақстан аумағындағы қызметіне тыйым салынды.

Кейін Астана қаласы сотының шешімімен олардың қатарына «Хизб-ут-Тахрир-әл-ислам», «Аум Синрикэ» және «Шығыс Түркістан азат ету ұйымы» қосылды.

Бұл ұйымдардың қызметі негізінен Қазақстанның айналасына, көрші елдерге қарсы бағытталған болатын.

Осы тұрғыда Қазақстан ТМД Терроризмге қарсы күрес орталығы, Шанхай Ұйымақтастық Ұйымы Терроризмге қарсы аймақтық құрылымды сияқты ұйымдардың мүшесі бола отырып, терроризм мен экстремизмге қарсы күрес желісінде халықаралық ынтымақтастықты белсенді түрде дамытты.

СЕНІМГЕ СЕЛКЕУ ТҮСІРГЕН

Халықаралық террористік ұйымдар арқылы сырттан әсер етіп, Қазақстан экономикасын тұралатуды мақсат еткендер әрекеттері нәтиже бермеген соң тактикаларын өзгертті. Еліміздің кезінде кеңестік идеология салдарынан 70 жылға жуық дәстүрлі Исламнан қол үзіп қалғандығын пайдаланып, өз ішімізден ірікті салуға кірісті. Және ол мақсаттары ішінара орындалды да. Қараңыз, осыдан 25 жыл бұрын республикада ресми тіркелген 59 мешіт болды. Тәуелсіздік алып, Қазақстан мұсылмандарының діни басқармасы құрылған соң, мешіт саны геометриялық жылдамдықпен өсе бастады. Өрине, елдің имандылыққа бет бұрғаны жақсы құбылыс. Бірақ, еліміздің территориясына ислам атын жамалып, қазақ үшін дәстүрлі емес дінді насихаттайтын миссионерлер енгенін байқамай қалдық. Артынан алапат қауіпке ұласатынын аңғармастан жастарды топтап шетелге оқуға жібере бастадық. Шетелдердегі ислам орталықтарына оқуға кеткен жастардың дені діннің негізгі түгін, өз отанының тарихын біле бермейтін еді. Мысырға, Сауд Арабиясына, Пәкістанға, Иранға оқуға кеткендердің көбісі танымал діни білім ордаларының есігін де ашып көрген жоқ. Көшілігі жекелеген жамағаттардың қарасын көбейтті. Психикасы толық қалыптаспаған, білімі толыспаған жастар, кімнің кен екенін объективті түрде айқындамай жатып, «рухани ұстаздарды» ұстанған түрлі жамағаттардың жақтастары болып шыға келді. Олар тек қана өздерінің тәпсірлеуіндегі исламның дұрыс екендігіне сенімді болды және тек қана өздерін ғана ақиқаттың шырағын жағушылар деп санады. Ол адамдардың санасына, діни көзқарастармен қатар, сол жердің мәдениеті мен дәстүрі сіңірілді. Пәкістанға кеткен жастар «Таблиги Жамағат» тобының шырмауына түсті. Сирияға аттанған балаларымыз басқа да Қазақстан үшін дәстүрлі емес топтардың жетегінде кетті. Осылайша жастарымыз шариғат пен шариғаттық бір-біріне қарсы қотың күмәнді топтағылардың қатарын көбейте бастады. Соның «жемісін» қазір тартып отырмыз...

ЕҢ БАСТЫСЫ – БІРЛІК

Осыдан 4 жыл бұрын Маңғыстау облысында қатаң тәртіптегі колониядан діни экстремистік ұйымның мүшелерінің жаппай қашып шығып, ресми емес хабарлама бойынша қашқындардың бір бөлігі өзін-өзі жапыр жіберуі ерекше назар аудартты. Артынан-ақ Ресей аумағындағы Солтүстік Кавказда террористік іс-әрекетті жүзеге асыруға қатысты күдікпен Қазақстан азаматтарының қолға түсті. Көп ұзамай жарылыстар жаңғырығы Ақтөбе мен Астанадан естілді. Қазақстан азаматтарының басқа елдердің жерінде террористік іс-әрекетке қатысуын куәландыратын мәліметтер жиілеп кетті;

Осыдан кейін-ақ, терроризм проблемасының Қазақстандағы ұлттық қауіпсіздікке тікелей қауіп-қатер төндіретін сипат алғанын мойындадық.

Жұырда ғана Астанада өткен қауіпсіздік органдары жетекшілері мен ТМД-ның арнайы қызметтері Кеңесінің 37-отырысында ҚР Ұлттық қауіпсіздік комитетінің төрағасы Нұртай Әбібаев «Ислам мемлекеті» ұйымындағы қазақстандықтардың саны 300-ден асатынын мәлімдеді.

ТМД елдері Ирак пен Сирияның бірнеше аудандары аумағын қамтыған бұл ұйыммен шектеспесе де «Ислам мемлекеті» жалпы әлемдік қауымдастық үшін де үлкен қауіп төндіріп отыр. Үлкен қор базасы, елеулі күш құрылымдары және қаржылық әлеуеті бар содырлар қатары негізінен ТМД елдерінен шыққандардың есебінен көбейіп жатыр.

Бұған қарсы арнайы қызметтер мен ТМД елдерінің қауіпсіздік органдары азаматтарымыздың Сирия мен Ирактың аудандарын жаулап алған «ИМ»-ға шығуына жол бермеу бойынша жұмыстар жүргізілуде.

ҚР ҰҚК төрағасы қазақстандықтарды «ИМ» ұйымының ықпалына түсірмеу амалдарымен күш құрылымдары ғана емес, сонымен бірге басқа да мемлекеттік органдар, сондай-ақ үкіметтік емес ұйымдар айналысып жатқанын атап өтті.

Енді мынаған назар салыңыз, жыл сайын терроризм индексі жариялап отыратын британдық «Marle Croft» компаниясының мәліметтері бойынша Гренландия мен Антарктидаға есепке алмағанда, әлемде терроризм қаупі төніп тұрмаған бірде-бі ел жоқ.

Бұл жіктеу бойынша Қазақстан терроризм қаупі төмен елдер қатарына жатады және көптеген еуропалық елдермен бір деңгейде орналасқан. Ал Ұлыбритания, Франция, Испания және АҚШ секілді елдерде қауіп-қатер деңгейі айтарлықтай жоғары. Бірақ, бұл көрсеткішпен көңіл семіртуге болмайды. Терроризмнің қауіп-қатері ортақ екенін түсінгеніміз жөн.

Сонымен бірге терроризм қаупін дұрыс бағаламай, оны елемей, олардан төнер қауіпті жокқа шығару дұрыс емес. Бірақ терроризмді асыра бағалап, урей мен қорқыныш ұялатып, қоғамдық әсерін күшейту арқылы террористерге қолдау көрсетуге тағы болмайды. Себебі, кез-келген теракт ең алдымен, кең ақпараттық әсерге сеетелген. Терроризм, экстремизм сияқты қауіп-қатерге төтеп беріп, тиімді қарсы тұрудың ең басты шарты – қоғам мен биліктің өзара келісімі, ұлттық бірлік. Лаңкестікпен ондаған жылдар бойы күресіп келе жатқан басқа елдердің тәжірибесінен байқағанымыз – бірлігін шайқалтып, іштей бөлінген мемлекет жөніледі. Сондықтан қазіргі заманғы сынақтары мен қатерлеріне қарсы тұру үшін – ең алдымен, қоғамның жіктелуіне, бөлінуіне жол бермеген жөн.

М. ӘБДІРАХИМ.

АРЗАН БАҒА ҚАЙДА БАР?

«Мирас» сауда үйінің аясында орналасқан қоймада картоп – 85, жуа – 80 теңге, сәбіз – 85, қызылша – 120, қырыққабат 80 теңгеден сатылып жатыр.

Арал ауданы бойынша Арал қаласының «Алтай» базарының кәсіпкері С.Саяновтың дүкенінде кант – 180-190, картоп – 90, жуа – 85-90, сәбіз – 90-100, қырыққабат 80 теңгеден, ал «Қанағат» базарының жанындағы Н.Сапарбаевтың дүкенінде кант – 180, картоп – 90, жуа – 80, сәбіз – 90-100, қырыққабат – 80, күріш – 200, жұмыртқа 18 теңгеден сатылуда.

Қазалы ауданы бойынша «Ырыс-Болашақ және Қ», «Орын-ай» сауда орындарында жұмыртқа – 18, картоп – 100, жуа – 80,

қырыққабат – 80, сәбіз – 100, өсімдік майы 240-250 теңгеден сатылуда.

Қармақшы ауданы бойынша «Бибінұр» базары мен «Жандос» дүкенінде картоп – 100, сәбіз – 100, жуа – 90, қырыққабат 80 теңгеден сатылып жатыр. ЖК «Ешмұратов», ЖК «Жалпасбаев» дүкендерінде І сортты бидай ұны 56 теңгеден сатылып жатыр.

Жалағаш ауданы бойынша «Ақниет» және «Қаракөз» дүкендерінен І сортты бидай ұны – 57, ақталған күріш – 150, жұмыртқа – 18, өсімдік майы – 230-240, жуа – 80, сәбіз – 100, картоп – 90, қырыққабатты 80 теңгеден алуға болады. Сондай-ақ, «Әділет» базарында ет 1200 теңгеден сатылып жатыр.

Сырдария ауданы бойынша

«Серікбол» дүкенінде картоп – 90, сәбіз – 90, қырыққабат – 80, жуа – 80, кант 160 теңге.

«Коммуналдық» базарында жұмыртқа 17 теңгеден сатылуда.

Шелі ауданы бойынша «ӘШорабаев», базарында картоп – 90, жуа – 80, сәбіз – 85, қырыққабат – 70, жұмыртқа 10 данасын 170 теңгеден алуыңызға болады. Сонымен қатар, І сортты бидай ұны 57 теңгеден сатылуда.

Жанакорған ауданы бойынша «Мажан», «Зангар» және «Нұрасыл» дүкендерінде картоп – 90, жуа – 80, қырыққабат – 75, сәбіз – 90, оқорачы – 450, жұмыртқа 15 теңге болса, ЖК «Үсейінов», «Нұралды», «Сүнкар» дүкендерінде І сортты бидай ұны 57 теңгеден сатылса, сондай-ақ «Нұр» базарында еттің бағасы 1050 теңгеден сатылуда.

XVII ғасырдың екінші жартысы мен XVIII ғасырдың басы қазақ халқының гүлденген әрі әлеуметтік мерейі арта түскен айрықша бетбұрыс кезең болғаны белгілі. Бұл жайдан-жай болған жоқ еді. Бас-аяғы 40 жылдай ел басқарған, қабілет-қарымы жеткілікті, көреген саясаткер, дана дипломат Тәуке хан мемлекеттік билікте халықты ұйыстыру, қоғамда ұжымдық сана-ны қалыптастыру үшін дала демократиясының мүмкіндігін тиімді пайдаланды. Мұның айқын көрінісі – Төле, Қазыбек, Әйтеке сияқты ұлы билерді ұйымдастырып, билер кеңесін дәстүрге айналдырды. Бұл кейінгі талай ұрпаққа «Жеті жарғы» тәрізді құқықтық мұра қалдырған хандық-мемлекеттік биліктің бір тармағы – қазақтың тұңғыш парламенті деуге болатын еді.

Ол заманда ислам діні де кеңінен тарап, елді рухани жағынан біріктіре түсетін, ру-руға бөлінуге тосқауыл қоятын әлеуметтік институттардың біріне айнала бастаған-ды. Сол себепті, оны да ұтымды пайдалану мақсатымен Тәуке хан мемлекеттік билікке арнайы Пір (рухани көсемдік) лауазымын енгізді. Бұған қазак тарихында алғаш таңдау жолымен аты мөшһүр, сөзі уәзі, аузы дуалы Мүсірәлі Жәдіқұлы ие болады. «Қазақстан» ұлттық энциклопедиясының I-томының 644-ші бетінде: «Азан шақырып қойған аты Мүсірәлі, руы керейт болғанымен дінге шын берілген сопылығы мен тақуалығына орай Әжіқожа, ал оның ұрпақтары керейтқожа аталып кеткен. 1680 ж. Құтлобте Тәукені хан сайлағаннан кейін артыныша пір тандалды», деп жазылады. Онан ары түрлі сұрақ-шарттардан сүрінбей өткен Әжіқожамен билер бүкіл қазақтың пірі деп жариялап, есіміне Сопы Әзиз (қасиетті) деген атақ қосылғаны жөнінде айтылған.

Бұл көпшіліктің алдында арау са-лықтырып, өз қасиетінің басымдығын көрсету, таңдау болатын. Осы рет-те халық жазушысы, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты, Қазақстанның Еңбек Ері, бүгінгі абызымыз Әбіш Кекілбаевтың «Үш пайғамбар» атты (1992 ж.) еңбегіндегі мына пікіріне жүгіне кеткен артық бол-мас: «Ескі дала үрдісінде қауымға билік жүргізетін хандар мен әскерге билік жүргізетін сардарлар ғана сай-ланып қойылатын, ал батырлар мен пілдер аттарына лайық қасиеттерімен қапысыз танылып, жұртты тегіс мойындатқан. Мұны кие, аруақ ту-ралы ғылым-ағналогия «таңғажайып сайыс» деп атайды».

Мұндай діндер үстемдік құрған тұстарда орын алған әулиелік қасиеттердің басымдығын жария ету, мойындау үрдістерінің тарих-та болғандығы туралы талай аңыз-әңгімелер жетерлік. Пір таңдау кезінде 40 жастағы Мүсірәлі Жәдіқұлының әулиелілігі мен көрегенділігі кемеліне келген болатын. Бұл – табиғи қабілетпен, білім-іліммен, өмірлік тәжірибемен толысып, әсте толаста-майтын құбылыс. Дегенмен, адамның

мүмкіндігінің шектеулі екенін естен шығармаған абзал.

Содан Тәуке хан Мүсірәлі Жәдіқұлының Тұран елінің хан ордасындағы Бас пірі болғандығы туралы жарлық береді де, ол Кіші жүздің Қаракесек әулетінің орта-сында болады, сол себепті дін жо-лымен шешілетін мәселелер, дау-герлер сонда барып, мәмілеге келіп отырады деп мәлімдейді. Мүсірәлі көп ұзамай өзіне қарасты он шақты үймен Жент қаласына жақын Ақмешіт елді мекеніне көшіп барған екен.

Мүсірәлі Жәдіқұлының Қазақ мемлекетінің алғашқы Бас пірі бо-луы сол кездегі қазақ қоғамының даму бағыттарына әсте жат құбылыс емес болатын. Ықпалды дін өкілдерін жанына жақындатып, қазақ өмір-діні мектептердің, медреселер мен мешіттердің ашылуына терең мән беріп, мұсылман дінін мемлекеттік идеологияның өзекті тармағы ретінде шебер пайдалану Әз Тәукенің ел би-леу саясатындағы өзіндік қолтаңбасы еді.

Ал бес арыс қазаққа Бас пір бо-лып тағайындалған Әжіқожа кім

қасиеттерімен де ерекшеленуі тиіс еді. Әрине, таңдауда аса қабілетті тұлғаның бітім-болмысы, жаратылыс ерекшелігі, қалпыр-қасиеті мен сыр-сипатының да елеулі рөл атқарғаны белгілі.

Баспасөзде жарияланған материал-дарда Мүсірәлі бабамыздың Құранды алғаш рет қазақ тілінде сөйлеткені, бес уақыт намазды Орта Азияны мекен-деген түркітектеc ұлт өкілдерінің өз тілінде үйрету үлгісін жазып, оны елге таратқаны жайында, өзі дайындаған 7 түрлі баптан тұратын мұсылмандық қағидаларды ел ішінде «Жеті жарғымен» бірдей қабылданғаны ту-ралы айтылған. Мұндай Алланы тану мен оған құлшылық ету парызы, тіл мен діл, неке, адамгершілік пен ізгілік туралы, мұсылманшылық мазмұны жағынан терең мағыналы, құнды ой-толғаныстарға толы қағидаларды дін мен мемлекеттік саясат тұрғысынан ғана емес, жалпы философиялық та-ным жағынан да гуманизм кодекстері десе болғандай. Бірер мысал келтіре кетейік. Бірі – туысқандық арасы жеті атадан өтпей құда-жегізат бо-лып, қыз алып, қыз беруге тыйым салу. Екіншісі – әрбір адамның қаны

кесенесіне жайғастырады. Көп ұзамай мемлекеттік билік маңайындағы талас-тартыс қайта басталады. Елдің мүддесінен өз мүдделерін биік қойған мансапқұмар сұлтандар ұйып отырған Тұран елінің берекесін кетіреді. Хан кеңесін таратып, Пір лауызымын жойып, жеке билікке көшеді. Со-дан Мүсірәлі Жәдіқұлы 1719 жылы хан сарайын тастап, өзі пір санаған, Созақ жерінде жатқан белгілі әулие Баба түкті Шашты Әзиздің басына шырақшы болып барады. Екі жыл-дан кейін 82 жасында сол жерде дүние салып, сол әулиенің оң жағынан мәңгілікке жайғасады.

Міне, осындай қазақ халқының тарихында кәсіби дін ағартушысы, «Жеті жарғыға» мұсылманшылық қағидалар ендірген тұңғыш Хазірет-піріміз, аты алты Алашқа мәлім Мүсірәлі Жәдіқұлы жайлы мәселе тек елімізге емейді алғаннан кейін ғана жиі көтеріліп, жиі жазылып келеді.

Жазушы Әбіш Кекілбаев «Үркер» романы мен «Үш пайғамбар» кітабында қасиетті бабамызды өз шығармасының кейіпкері етті. Белгілі жазушы Мұқадес Есломғалиұлының «Әйтеке би» атты романының бас-

тұлғаларымен қоян-қолтық сан са-лалы игілікті істер атқарған, «Жеті жарғыны» дайындауға атсалысқан, оның рухани жағын жіті қадағалаған, бүгінгі күндері бірнеше кітаптың кейіпкері, қазақ мемлекетінің алғашқы да, соңғы да Бас пірі болған, мемле-кет және қоғам қайраткері Мүсірәлі Сопы Әзиз тарихи әдебиеттерде ата-ла бермейді. Бұған тиісті орындар та-рапынан өз деңгейінде көңіл бөлінбей келеді.

Сонан соң соңғы үш ғасырдан астам уақыт шыңдық оқиғалар сан түрлі аңыз-әңгімелерге айналып, ұрпақтан-ұрпаққа тарап, әсте ұмы-тылмай, айтылып келе жатса, ол тарихымыздың жанды беттері емес пе? Осы жерде орыстың белгілі дін-танушысы С.Токаревтің: «...Арт-та қалған халықтар санасының түгел мазмұнын фантастикалық түсі-ніктерге тейейтін болсақ, осы ха-лықтардың рухани дүниесін сынар жақты, теріс сипаттаған болар едік. Алайда, олардың әлеуметтік сана-сында фантастикалық басқаша айт-қанда, діни-магиялық түсініктердің болғандығын және маңызды рөл ат-қарғандығын теріске шығарғанымыз да қате болар еді», деп жазғанын еске-ре кетсек дұрыс болар еді (Религия в истории народов мира. М. 1964. – с. 25.). Сондықтан сан түрлі, кейде асып, төгіліп те кететін аңыз-әңгімелерді мүмкіндігінше ғылыми оралымға алып, бабаның шынайы тұлғасын сом-дай түсудің кезі келген сияқты. Тіпті, Мүсірәлі Жәдіқұлы туралы кейбір деректердің өзі кейде әр қилы жазы-лып жүр. Бұлар да жүйеге келтірілсе, сауаптан басқа не табар едік?

Сондай-ақ, билы туғанына 375 жыл толып отырған Хазірет Мүсірә-лі Сопы Әзиз есімін халық жа-дында қалдыру үшін игілікті іс-шаралар атқарылса деп ойлай-мыз. Еліміздің бірлігін сақтауда, халқымыздың мерейін арттыруға белсенді атсалысқан, жұртшылықты адамгершілік пен имандылыққа шақырған, кезінде жалпы қазақтың рухани көсемі ардақты бабамыздың есімін есте қалдыру туралы, тіпті, еліміздегі орталық мешіттердің бірі-не оның атын беру сияқты нақты ұсыныстар да болған еді. Осыған сөй-ке, Қазақстан мұсылмандары діни басқармасы да ретті іс-шаралар өткі-зіп жатса, нұр үстіне нұр болары дау-сыз.

Елбасы Алаштың анасы атаған қасиетті Сыр бойының Хазірет Мүсірәлі Сопы Әзиздің атаулы мерекесін өткізуге өз үлесін қосып жатқанынан хабардармыз. Аймақ басшысы Қырымбек Көшербаев ел ағаларының ұсынысынан қызу қолдауымен өңірдің белгілі кәсіпкер-мешенаты, Қазақстанның Еңбек Ері Абзал Ерғалиев Қызылорда қаласында мешіт құрылысын бастап кетіпті деген хабарды естіп риза болдық.

Бүгінгі күнікешегі кеңестік-солақай саясат кезінде жоғалтқанымызды тауып, үзілгенімізді жалғап, ескір-генімізді жаңғыртып, тарихымыз-ды түгүгенді жатқанымызды хал-қымыздың тұтастығына, рухани бірлігіне өлшеусіз еңбек сіңірген Мүсірәлі Жәдіқұлы сияқты арыс-тарымыздың аруағы алдында бас иіп, оның ұлы істерін тағылым ету барлығымыздың парасаты парызы-мыз, қайтарар қарызымыз болмақ. Мұнсыз бүгінгімізге болысып, ертеңі-мізді еселей алмаймыз.

Әбдікәлел БӘКІР,
саяси ғылымдар докторы,
профессор.

МҮСІРӘЛІ ЖАЗІРЕТ

таза, жүрегі мейірімді, ұлтжанды, па-расаты, туған халқының лайықты азаматы болып өсуін, кемелге келуін сақтап отыруы үшін аралас некеге тыйым салыну. Үшіншісі – ана тілі туралы өсиет. Тілі – әрбір адамның тіршіліктегі түсінісіп, бір-бірімен жақсы қарым-қатынас жасау құралы. Тіл – иманның кілті.

Міне, осыдан үш жүз жылдай бұрын қазақтың тұрмыс-тірлігіне лайықталған бұл қағида-өсиеттерді қазір де қастерлеп, ұстанып жатсақ, ұтарымыз көп бола түсері сөзсіз.

Мүсірәлі Сопы Жәдіқұлының Кіші жүз жұртының топтаса түсуіне көп жыл ырықтаса жүріп бізге күміс еткен, ұлтымыздың тарихында баға жетпес із қалдырған, үш ұлы бидің бірі – Әйтеке 1700 жылы дүние салғанда мынандай қайғыға жоқтаған сөздеріне назар салайық. Ол:

Ей, кенезесі кепкен кара жер,
Мейірім жоқ сұм ажал,
Оқпаның ашып көргенің
Болды ма тағы дегенің
Аты алты Алашқа ем болған,
Уәлі сөздің иесі
Аталымды алғанын не еткенің?! –

дей келіп,
Айналайын, Әйтекем,
Мына жалғаннан
қапияда өткенінді
Мәңгілікке кеткенінді,
Тіршілікте,
Ошақтың үш бұтының

біріндей болған
Төрт тұяғы тең түскен жорғаң,
Ұлы жүзден Төле би ініне
қалай естіртем!

Орта жүздегі
Опалы ойын ойып айтатын,
Дұшпанын сөзбен сойып айтатын
Қазыбек би ініне қалай естіртем!
Үшеуің үш таған болып тұрғанда
Уайым-қайғысыз
Күн кешіп еді Ұлы елің! – деп та-рихта дара туған үш арыстың халықты біріктіругегі қадір-қасиеті мен күдірет-қушын барынша паш етеді.

Мүсірәлі Сопы Әзиз Әз Тәукенің иманын үйіріп, жаназасын шығарып, өз қолымен Қожа Ахмет әулиенің

ҚЫЗМЕТКЕ КОНКУРС

бекітілген (Қазақстан Республикасының Нормативтік құқықтық актілердің жиналмасы 2010 жылғы 21 желтоқсанда № 6697 болып тіркелген) нысандағы деңсаулығы туралы анықтама;

6) Қазақстан Республикасы азаматтығын жеке куәлігінің көшірмесі;

7) құжаттарды тапсыру сәтінде шекті мәнінен төмен емес нәтижесімен тестілеуден өткен туралы қолданыстағы сер-тификат (немесе нотариалдық куәландырылған сертификат көшірмесі);

Егер азамат еңбек қызметін жүзеге асырмаған және кон-курс жарияланған

бас лауазым бойынша жұмыс етілі талап етілетінін жағ-дайларда 4) тармақшасында көрсетілген құжатты ұсыну талап етілмейді.

Құжаттардың толық емес пакетін ұсыну конкур-с комиссиясының оларды қараудан бас тартуы үшін негіз болып табылады. Мемлекеттік қызметшілермен тапсырылатын осы тармақтың 3) және 4) тармақшаларында көрсетілген құжаттарды олар жұмыс істейтін мемлекеттік органдардың персоналды басқару қызметі (қадр қызметі) куәландыра алады.

Азаматтар біліміне, жұмыс тәжірибесіне, кәсіби шеберлігіне және беделіне қатысты (біліктілігін арттыру, ғылыми дәрежелер мен атақтар берілуі туралы құжаттардың көшірмелері, мінездемелер, ұсынымдар, ғылыми жарияла-нымдар және өзге де олардың кәсіби қызметін, біліктілігін сипаттайтын мәліметтер) қосымша ақпараттарды бере ала-ды. Азаматтар жоғарыда аталған құжат тіптінің мұқабасы орналастырылған құжаттарды қолма-қол тәртіппе немесе по-чта арқылы құжаттарды қабылдау мерзіміне бере алады.

Азаматтар жоғарыда аталған құжаттарды хабарлама-да көрсетілген электрондық пошта мекен-жайына электро-нды түрде бере алады. Конкурса қатысу үшін жоғарыда көрсетілген құжаттарды электрондық пошта арқылы берген азаматтар құжаттардың түпнұсқасын әңгімелесу басталғанға дейін бір жұмыс күні бұрын кешіктірілмей береді. Жоғарыда аталған құжаттардың түпнұсқасы берілмеген жағдайда тұрға

әңгімелесуден өтуге жіберілмейді.

Құжаттар конкурсу өткізу туралы хабарландыру БАҚ-та («Қызылорда хабары» және «Сыр бойы») сонғы жарияланған күннен бастап он жұмыс күні ішінде 120003, Қызылорда қаласы, Сұлтан Бейбарыс көшесі, н/з, № 551 ка-бинетте қабылданады.

Әңгімелесуге жіберілген үміткерлер конкурсу комиссия-сы ішіналы қабылдаған күннен бастап екі жұмыс күні ішінде әңгімелесу өткізу күні туралы конкурсу комиссиясының хатшы-сымен хабарланылады. Хабарландыру қатысушылардың электрондық мекен-жайларына және ұқлы телефондарына ақпарат жіберу жолымен жүзеге асырылуы мүмкін.

Үміткерлермен әңгімелесу «Қызылорда облысының қаржы басқармасы» мемлекеттік мекемесінде (Қызылорда қаласы, Сұлтан Бейбарыс көшесі, н/з) әңгімелесу шықпаған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде өтеді.

Конкурсу комиссиясы жұмысының ашықтылығы мен объективтілігін қамтамасыз ету үшін оның отырысына байқаушыларды қатыстыруға жол беріледі. Конкурсу комиссиясының отырысына байқаушылар ретінде Қазақстан Республикасы Парламентінің және барлық деңгейдегі мәслихат депутаттарының, Қазақстан Респу-бликасы заңнамасында белгіленген тәртіппе аккредитте-лген бұқаралық ақпарат құралдарының, басқа мемлекеттік органдардың, қоғамдық бірлестіктердің (үкіметтік емес ұйымдардың), коммерциялық ұйымдардың және саяси партиялардың өкілдері, уәкілетті органның қызметкерлері қатыса алады.

Байқаушы ретінде конкурсу комиссиясының отырысына қатысу үшін тұлғалар әңгімелесу басталуына бір жұмыс күні қалғанында елдің кешкіртпей персоналды басқару қызметіне (қадр қызметіне) тіркеледі. Тіркеу үшін тұлғалар пер-соналды басқару қызметіне (қадр қызметіне) жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесін, ұйымдары тәсілілігін растайтын құжаттардың түпнұсқасын немесе көшірмелерін ұсынады.

Осы Қағидалардың мемлекеттік органның басшы-мен (жауапты хатшы) конкурсу комиссиясының отырыс-ы

на сарапшылардың қатыстырылуына жол беріледі. Сарапшы ретінде конкурсу жарияланған мемлекеттік органның қызметкері болып табылмайтын, бас лауазымының функционалдык бағыттарына сәйкес облыстарда жұмыс тәжірибесі бар тұлғалар, сондай-ақ персоналды тіркесу және жоғарылау бойынша мамандар, басқа мемлекеттік органдардың мемлекеттік қызметшілері, Қазақстан Республикасы Парламентінің және мәслихат депутаттары қатыса алады.

«Б» корпусының бос мемлекеттік әкімшілік лауазыма-на үміткерлер Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің Астана, Алматы, Атырау, Ақтау, Ақтөбе, Қокшетау, Павлодар, Тараз, Өскемен, Орал, Петропавл, Қостанай, Қызылорда, Қарағанды, Талдықорған және Шым-кент қалаларындағы аймақтық тестілеу орталықтарында белгіленген тәртіппе өтеді.

«D-0-4» санаттары үшін тестілеу бағдарламасы: мемлекеттік тілді білуге тест (20 тапсырма); логикалық тест (10 тапсырма); Қазақстан Республикасының заңнамасын білуге арналған тестке Қазақстан Республикасының Кон-ституциясы (15 сұрақ); Қазақстан Республикасының конституциялық заңы «Қазақстан Республикасының Президенті туралы» (15 сұрақ); «Мемлекеттік қызмет туралы» (15 сұрақ); «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес ту-ралы» (15 сұрақ); «Қиыншілік рәсімдер туралы» (15 сұрақ); «Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау тәртібі ту-ралы» (15 сұрақ); «Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы» (15 сұрақ); «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» (15 сұрақ) Қазақстан Республикасының заңдарын білуге арналған тест сұрақтары кіреді.

Азаматтар конкурсуға қатысу шығындарын (әңгімелесу өтетін жерге келу және қайту, тұрғын үй жерінде, байла-ныс қызметінің барлық түрлерін пайдалану) өздерінің жеке қаражатары есебінен жүргізеді.

Қызылорда облысының қаржы басқармасының конкурстық комиссиясы.

2014 жылдың 24 қарашасындағы Қызылорда қаласы бойынша бос жұмыс орындары

	Мекеше атауы	Бос жұмыс оры	сапы	Мекеше мекен-жайы
1	«Қызылорда су жүйесі» МКҚ	мемлекеттік сатып алу маманы	1	Желтоқсан 156, 23-00-42
		завер	1	
		газлектр-дәскерлеуші	4	
		жүргізуші	5	
		машинист экскаваторы	1	
		ЭО-33211А экскаватор машинисі	1	
		инженер-технолог	1	
2	« Керемет Сауда» ЖШС	лаборант-химик	1	Шымбай №107 22-42-10
		жүк тлеуші	3	
3	«Гелиос» ЖШС	бухгалтер-оператор	1	Желтоқсан н/з тең. 26-33-12
		кассир-оператор АЗС операторы	4	
4	«Келекес Би» ЖШС	тазаушыны	1	Ақмешіт м/а 9а/13 22-15-81
		жүргізуші (кат ВС)	3	
		аспа	1	
		нан пісіруші	1	
		фельдшер	1	
5	«Страховая компания Сентрас Иншуранс» АҚ	сактандыру менеджері	3	Байтұрсынов, 47 27-18-30, 27-19-13
		агент	1	
6	«Алтын тағам» ЖШС	дәскерлеуші	1	Фараби, 158 8-707-891-81-08
7	«Асбон» ЖШС	жөндеуші	1	Қоркыт ата, 84 27-04-74
8	ЖК «Мыраа жігіті»	тігішіші	5	Шұғыла м/а, 5-97 24-54-21, 8772460804, 87021553019
9	«Sinooil» ЖШС	автотранспорт қызметі механигі	1	Бөкейхан, 41 23-69-31
		менеджер АЗС	1	
10	ЖК «Алмаханов»	минимаркет менеджері	1	Жалғасөз Баһадүр, 2в 20-22-56
		жұмысшылар	5	
11	«Қызылорда электр тарату кәсіпорны» АҚ	есепші	1	Әйтеке би, 25 90-22-17
		инженер-метролог электронметер	2	
12	«Тұрғынүй Қызылорда» ЖШС	жұмысшы	5	Маханбетова, н/з 22-31-38, 87479820377, 87479820362
		газозлектр-дәскерлеуші	5	
13	ЖК «Аяна»	жұмысшы	4	Алтынсарин, 113 87711650316
		жұмысшылар	30	
14	«Өнеркәсіп Құрылыс» ЖШС	тас қалушылар	40	Ақтөбе обл, Әйтеке би, 21а 87710720313
		эрлеушілар	20	
		монотышлар	30	
		сылақшылар	20	
		ағаш ұстаы	10	
		арнайы жұмысшылар (жолу жүргізу, көпшілік, су құбырын жүргізу, каналлация, электр жабдықтау)	10	
		экскаватор машинисі	1	
		бульдозер машинисі	1	
		ХОВО, КАМАЗ жүргізушісі	1	
		«Дан әке» Корпорациясы	1	
		бульдозер машинисі	1	
		ХОВО, КАМАЗ жүргізушісі	1	
		Шпені ауданы, 87019915454	1	
		Шпені ауданы, 87019915454	1	
16	«Дан әке» Корпорациясы	бульдозер машинисі	1	Шпені ауданы, 87019915454
18	Қызылорда қопсалалы колледжі	еден жуушы	1	Мұстафа

МҰРА

Байтақ даламыздың басты байлығы тау тастарында қашап жазылған жазулар екені белгілі. Қазақ даласының қадым заманнан бергі қалың қатпарлы тарихы бар. Есте жоқ ескі кезеңдерде біздің кең-байтақ жерімізді ежелгі адамдар мекен еткен көрінеді. Көне заманның көзі тірі күзсі саналған киелі орынның бірі қарт Қаратау екені белгілі. Ғалымдардың айтуынша, бұл жердегі адамдар бағзы заманнан бері қоныс етіп келеді. Шамамен 500 мың жылдай бұрын осы маңда адамдар тіршілік еткенге ұқсайды. Қаратау қойнауында тасқа салынған суреттер жетіп-артылады.

ҚАРАТАУ
ТАСТАРЫНДАҒЫ ҚҰПИЯЛАР


Облыс басшылығы тарапынан өлкеміздегі тарихи мұраларды түгендеуге ерекше мән беріліп отыр. Соның нәтижесінде көптеген келелі істер қолға алына бастады. Әйтпесе, бүгінгі күнге дейін аталмыш тақырыпта күрделі мәселелер баршылық болатын. Көкейімізде “Сол бағалы байлығымыз бен қымбат қазынамыздың қаншалықты қадіріне жете алдық” деген сауал көкейде жиі қонақтайтын. Біз осындай тарихтан тамыр тартқан, түп-төркінімізді түгендейтін, талай

орындар көзге ұшырасады. Ежелгі жазбалар ТМД елдерінің аумағында да бар. Атап айтқанда, Қап тауында, Орта Азияда, Сібірде, Оралда, Қиыр Шығыста көрініс береді. Қысқасы, петроглиф адамзат мәдениетінде маңызды құбылыс екенін аңғару қиын емес. Шындығын айтқанда, бұл дүниелерді өнер туындылары ретінде қарауға әбден болады. Есерткіштердегі сызбалар сан түрлі тәсілдермен қашалып, оған көп бейнелер салынған. Тас ғасырдан кейінгі кезеңде сана

балардың молдығы әйгілі Таңбалы тастан бір мысқал да кем түспейтінін айтады. Алайда Қаратау қойнауындағы көне жәдігерлердің насихаты кемшін болып тұр.

Жалпы, бұл өңір – көне заманның тұп-тамырына үңілетін археолог ғалымдарға әлі де ашылмаған арал тектес. Себебі аталмыш орындарға күні бүгінге дейін өз деңгейінде назар аударылған жоқ. Оның түрлі себептері де баршылық. Кезінде қаражат жоқтығы қолды байлады. Осының салдарынан жұмыс кейінге ысырылып келеді. Бұл қашанға дейін созылмақ? Әзірге бізге белгісіз.

Көне ескерткіштерді адамдар тарапынан бүлдіру жағдайы орын алды. Ғалымдар ескі жәдігерлердің оннан сегізі жұмыр басты жандардың қолынан бүлінетінін тілге тиек етеді. Қалғаны табиғаттың әсерінен бастапқы бейнесін жоғалтады екен. Өкінішке қарай, Сауыскандық жотасындағы тастағы жазбалардың біршамасы бүлінген. Тау басына барған жандар өткеннің ескі шежіресінің бағасын білмейді. Тасқа қашалған суреттерді қорғаудың орнына өз «қолтаңбасын» да қалдырып кетуді дұрыс көреді. Олардың үстіне өздерінің аты-жөнін баттитып жазғанды өзіне «мәртебе» санайды. Осыған



кезеңнің шежіресін тарқататын көне жәдігерге кезінде қаншалықты назар аудардық?

Ғылым тілінде тасқа жазылған жазулар петроглиф деп аталады. Әлем ғалымдары оның пайда болу кезеңін соңғы палеолиттің кейінгі шағымен байланыстырады. Мұндай дүниелер жер-жабаның бірқатар елдерінде көрініс береді. Мәселен, Еуропа құрлығының Швеция, Норвегия, Италия, Португалия, Испания, Азияда – Үндістан, Пәкістан, Қытай, Корея, Жапония, Арабия аумағында, Американың – Канада, АҚШ, Аргентина, Чили, Бразилия және Австралияда да кездеседі. Қысқасы, төрткүл дүниенің төрт бұрышынан мұндай

иелері өздерінің тыныс-тіршілігі жайында тасқа қашап бейнелеуді дұрыс көрген тәрізді. Онда шаруашылық, тұрмыс-салт пен жол-жоралғы, дүниетаным тасқа басылған. Ең негізгі көріністер тіршілік иелерінің аңшылық пен балықшылық секілді кәсіптерге қатысты екені көзге көрінеді.

Қазақстанда тау-тасқа қашалған 200-ден астам бейнелер бар. Солардың қатарында Сыр өңірінің Шіелі ауданында орын тепкен Сауыскандық жотасындағы суреттер саналады. Бұл маңда мұндай ескерткіштер өте мол. Ауқымы да үлкен. Археолог Мадияр Елеусінов бұл жотадағы тасқа қашалған таң-

қарай отырып, бұл тастағы жазбалар неге арнайы қорғауға алынбай отыр деген ой туады.

Тау тастарына қашап жазылған сол дүниелерді көргенде еріксіз өткен шаққа ойша оралып, ата-бабалар аманатын көзіміздің қарашығындай сақтау басты парызымыз екенін ұғыну қиын емес. Алайда, бұл мәселені біріміз түсіне бермейтіміз өкінішті. Соның салдарынан жоғарыда айтылған жағдайлар болып жатыр. Қазіргі таңда облыс басшылығы тарапынан осы мақсатта арнайы шаралар өткізіліп, сол бағытта оң істердің қолға алынып жатқаны қуантады.

Әлі ӘЙТПЕНБЕТ.

“ҒИБРАТТЫ ҒҰМЫР” СЫР ШЕРТЕДІ

Қармақшылық Нұртілеу Салықов еңбек жолын қатардағы оқытушылықтан бастап, бергін келе Қармақшы ауданын басқарған басшылардың бірі болды. Жарты ғасырға жуық уақыт осы ауданның комсомол, партия, шаруашылық, Кеңес, әкімдік органдарындағы басшылық қызметте болып, аудан экономикасы мен әлеуметінің артуына өзіндік үлесін қосты. Зейнеткерлікке шыққан соң аудандық ардагерлер кеңесінің төрағасы болып та жемісті еңбек етті. Қазіргі таңда “Сырдария-мұнай” жауапкершілігі шектеулі серіктестігі компаниясы бас директорының кеңесшісі ретінде ұжым мүшелерінің ауыз-біршілігін қалыптастыруға сүбелі үлесін қосып та жүр.

Айтпағымыз, “Құрмет белгісі” орденінің иегері Нұртілеу өзінің көргендері мен көңілге түйгендерін, яғни, жүректегі жазбаларын бүгінгі және келер ұрпаққа ұлағат етуді мұрат тұтқан. Содан да оның қарымды қаламынан 2011 жылы екі томдық “Ғиبراتты ғұмыр” атты жинағы өмірге келсе, биылғы жылы “Қазыналы жердің

қаһармандары”, “Халықтың Қаратайы” атты кітаптары жарық көрді.

Н.Салықовтың “Ғиبراتты ғұмыр” кітабында Қармақшы ауданының өсіп, өркен жаюына өзіндік үлестерін қосқан азаматтар жайлы сыр шертеді. Осы бір айтулы азаматтардың бітім-болмысынан ұлттық болмысымызды бойларына жинақтай білген асыл текті, абзал азаматтар екендігіне шүбәсіз көз жеткізесіз. Ал, “Халықтың Қаратайы” кітабында Сыр өңірінде өмір сүріп, туған жердің өркендеуі жолында еліне қалтқысыз қызмет еткен айтулы азамат Қаратай Қуанбаев және де басқа есімдері ел есінде жүрген аға, іні, замандастары жайлы тұшымды ой толғайды.

“Қазыналы жердің қаһармандары” туындысында бүгінгі таңда мұнай-газ саласында мол тәжірибе жинақтаған “Сырдария-мұнай” серіктестігінің өзіндік тарихы туралы сыр шерткен. Бұл естелік жинақта компанияның даму тарихы нақты деректермен баяндалып, ел мерейін асырған мұнайшылар туралы деректер берілген.

Нүрекеннің қай кітабының бол-



масын тілі жатық, оқуға жеңіл, тақырып аясы өте кең. Қысқасы, туған топырағынан тағалым алғысы келетін, сарғайған тарих парактарындағы жазбалардан тәлім іздейтін оқырмандарға бұл кітаптардың берері мол.

Е.АҚҚАЛНУЛЫ.

ЗАҢ БҰЗУҒА ЖОЛ ЖОҚ

Қалалық ішкі саясат бөлімі мен «Болашақ жастары» жастар қоғамдық бірлестігінің ұйымдастыруымен қалаға қарасты ауылдық округтер мен кенттерде жастармен заң бұзушылық мәселелері бойынша «дөңгелек үстел» болып өтті. Ауылдың белсенді жастары мен мұғалімдер және полиция қызметкерлері қатысқан басқосудың мақсаты – жастардың құқықтық сауаттылығын арттыру, құқық бұзушылықтың алдын алу, өскелең ұрпақтың белсенді азаматтық ұстанымын қалыптастыру мен қоғамдағы өз орнын табуға дағдыландыру.

Шара барысында алғысөзді «Болашақ жастары» жастар қоғамдық бірлестігінің жоба үйлестірушісі Еркебұлан Есмағанбетов алып, жастарға мемлекет тарапынан жаса-

лынып жатқан қолдаулар мен атаулы көмектер жайына тоқталып өтті. Сонымен қатар, жасөспірімдердің қылмыс жасау әрекетін, заң бұзышылықтың қоғамға әсерін, жастар арасындағы вандализм мәселесін көтерді. Сондай-ақ, жастарды заң бұзушылық әрекетінен аулақ болып, елімізге өз үлестерін тигізуге шақырды.

Ал, аталмыш қоғамдық бірлестіктің жоба үйлестірушісі Ержан Аманов жастардың уақыттарын тиімді өткізу бағытында ұсынысын білдірді.

Осылайша, бүгінгі жас буынды патриоттыққа тәрбиелейтін шара өзіндік маңызымен ерекшеленді.

М.ОТАРАЛЫ.

ЖАНАРМАЙ БАҒАСЫ ҚАЛЫПТЫ

Қызылорда облысының кәсіпкерлік және туризм басқармасы «Мұнай өнімдерін өндіру және өткізу мониторингін жүзеге асыру қағидалары туралы» ҚР Үкіметінің 2012 жылғы 19 қаңтардағы №137 қаулысының мұнай өнімдерінің бөлшек сауда бағасына мониторинг жүргізу туралы 4-тармағына сәйкес 24

қарашадағы жүргізілген мониторинг нәтижесімен облыста АИ-92 маркалы бензині – 128 теңге, АИ-80 - 89 теңге, өткізу мониторингін жүзеге асыру дизель отынны 115 теңгені құрап отыр, яғни 2014 жылдың 21 тамыздағы

ҚР Ұлттық экономика министрлігімен бекітілген шекті бағалардан аспайтындығын жеткізеді.

Сонымен қатар, бүгінгі күні облы-

ста мұнай өнімдерін бөлшек саудада сататын жалпы 121 жанар-жағармай құю бекеттері жұмыс жасайды. Оның ішінде Қызылорда қаласындағы 49 жанар-жағармай құю бекеттерінде АИ-92, АИ-80 маркалы бензиндері күнделікті қолма-қол түрде бөлшек саудада сатылып жатқандығын хабарлайды.

СПОРТ

ҚЫЗЫЛОРДАЛЫҚ
ШАХМАТШЫЛАР
ЖҮЛДЕЛІ ОРАЛДЫ

Қостанай облысында шахматтан халықаралық гроссмейстер Дәрмен Сәдуақасовтың құбогына арналған жасөспірім дарынды шахматшылар арасында республикалық турнир мәресіне жетті. Был тоғызыншы мәрте ұйымдастырылған турнирге Астана қаласы мен еліміздің 11 облысынан 123 балғын шахматшылар қатысты.

Жарыс швейцар жүйесі бойынша 9 турға озылды. Турнир нәтижесінде жалпыкомандалық есепте Қызылорда облысының командасы 34,5 ұпаймен үшінші орынды иеленді. Бірінші орында – Астана қаласы (38 ұпай), екінші орында – Қостанай облысы (37 ұпай).

Командалық жарыс алты тақта бойынша өткізілді. Команда құрамында Әсел Серікбай, Ақбота Әліпбай, Нұрғали Назерке, Самал Әбдуәли, Сұлтан Аманжол және Дінасыл Ғалымжанқызы шеберлік байқасты. Жекелей сында 13 жас қыздар арасында Самал Әбдуәли 9 ойыннан 8,5 ұпай жинап, жеңіс тұғырына көтерілді. Ал 9 жасқа дейінгі ұлдар арасында Сұлтан Аманжол 7 ұпаймен күміс жүлдені иеленді.

№1 облыстық мамандандырылған балалар-жасөспірімдердің олимпиадалық резерв мектебінде тәлім алатын спортшыларды жарысқа облыстың аға жаттықтырушысы Риза Қоңқарова дайындады.

Әлі ТАЛАП.

БОЛАШАҚ
КАСПАРОВТАР БӘСЕКЕСІ

Қазалы ауданында Халық батыры Жанқожа Нұрмұхаммедұлының 240 жылдық мерейтойы аясында 2006-2007 жылғы жасөспірімдер арасында шахматтан өткен жарыс мәреге жетті.

Аудандық дене шынықтыру және спорт бөлімі мен аудандық шахмат федерациясы ұйымдастырған ойылар ойынының мақсаты бұқаралық спортты дамыту және жастардың патриоттық тәрбие беру болмақ.

Отыздан астам үміткерлер қатысқан жарыс қорытындысында ер балалар арасында №17 орта мектеп оқушысы Ерболат Қожаниязов шеберлігін көрсетсе, қыздар арасынан №97 орта мектептің түлегі Ләзиза Алдажар бәсекелестерінен басым болды.

Жарыс жеңімпаздары мен жүлдегерлер арнайы медальдар және бағалы сыйлықтармен марапатталды.

Бактыбай СМАЙЫЛҰЛЫ.

ҚЫЗЫЛОРДА ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ӘУЕЖАЙЫ

Қызылордадан Дубайға дейін тікелей ұшулар

БИЛЕТТЕРДІ ҚАЛАНЫҢ ТУРАГЕНТТІКТЕРІНЕН СҰРАҢЫЗДАР

МЕЖДУНАРОДНЫЙ АЭРОПОРТ КЫЗЫЛОРДЫ

Прямые вылеты из Кызылорды в Дубай

БИЛЕТЫ СПРАШИВАЙТЕ В ТУРАГЕНТСТВАХ ГОРОДА

ХАЛЫҚТЫҚ
АКЦИОНЕР БОЛ!

www.halyk-ipo.kz

Халық IPO туралы толымды ақпарат

8 800 070 1570

Call-орталық - Қазақстан бойынша қоңырау шалу тегін

Менішк іесі:
Сыр медиа
жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

БАС ДИРЕКТОР
Аманжол ОҢҒАРБАЕВ
☎ қабылдау бөлмесі
тел/факс 70-00-36

БАС РЕДАКТОР
Жұматәли ӘБДІРАМАН
☎ қабылдау бөлмесі 40-02-17

Бас редактордың орынбасары 70-00-43
Жауапты хатшы 70-00-81

бөлімдер:
руханият және ақпарат - 70-00-64, 70-00-73
экономика - 70-00-41, 70-00-68
әлеумет және саясат - 70-00-41
жарнама - 70-00-49, 70-00-52
есеп-хисап - 70-00-39, 70-00-38
заңгер - 70-00-42
компьютер орталығы - 70-00-34
корректор бөлімі

меншікті тілшілер:
Арал, Қазалы:
Жұмабек Табынбаев - 8724 38 2-34-07
Шиелі, Жаңақорған:
Нұрмахан Елтай - 8724 32 4-59-51
e-mail: syrboyi@mail.ru
site: www.syrboyi.kz
Газет Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігі Ақпарат және мұрағат комитетінде тіркелген.
Тіркеу қуаны №12993-Г, 27.08.2012 ж.
Авторларға қаламыз тапсырыс бойынша төленеді, қолжазба өкілетті және қолталынмайды.
Жергілікті баспаға тапсырыс түркілігі көзқарасын білдірмейді. "АҚ"-өңілі өзімет.
Газет редакцияның компьютер орталығында қатылып, "Сыр медиа" ЖШС өз баспаханасында басылды. Қызылорда қаласы, Сұлтан Бейбарыс көшесі, н/ж
Газеттің таралымына "Қазақстан" - 23-54-51, "Евразия-Пресс" - 27-62-84 жауапты.

Редакция мекен-жайы:
Қызылорда қаласы, Сұлтан Бейбарыс көшесі, н/ж

Таралымы 21758
Тапсырыс № 1108
Электронды оқылым 26360.